

Сауапқа толы
қасиетті ай

2-бет



Олқылық орнын
толтырған оқулық

4-бет



Марк
Нұрмақовқа
жол берсе...

6-бет



ҚАЗДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК БИ: СӨЗДІҢ АТАСЫ – БІРЛІК, АНАСЫ – ШЫНДЫҚ

ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ ГАЗЕТИ

www.ortalyq.kz



www.instagram.com/ortalyq.kz/

СЕНБИ, 18 НАУРЫЗ, 2023 ЖЫЛ №31 (23 207)



www.facebook.com/ortalyq.kz/



info@ortalyq.kz

Жөргекпұл мерзімінің ұзаруы – демографияға демеу

Қазақстандағы ұлттық саясаттың басым бағыттарының бірі – халықтың демографиялық өсуі. Осы мақсатта Мемлекет басшысы ел азаматтарының өмір сүру сапасы мен деңгейін жақсарту, әлеуметтік тұрақтылық пен қорғауды нығайтуды үнемі назарда ұстап келеді. Быылдан бастап енгізілген әлеуметтік жолдау шаралары да осы басымдықтардың аясында жүзеге асуда. Солардың бірі – бала күтімі мерзімін 1,5 жасқа ұзарту. Жаңа Кодекстің негізінде жүзеге асып отырған әлеуметтік қолдау жас аналардың қуанышын еселеуде.

Сағыныш ӘБІЛ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Елімізде бала күтіміне байланысты төлемді 600 мыңнан аса ана алып отыр. Оның 500 мыңнан астамының жұмысы болса, 60 мыңы – жұмыссыз. Ал, 1,5 жасқа дейінгі ана төлемді 160 мыңнан астам ана алып отыр.

Аймақта бұл әлеуметтік төлемді 19 мың 053 ана ала, оның 8 мың 831-і қарағандылық аналар.

Осы күні жаңа туған перзентінің қамын күйттеп үйде отырған аналар аз емес. Бұған дейін оларға жәрдемақы тек бір жылға төленіп келсе, биылғы 1 қаңтардан бұл мерзім 1,5 жылға ұзарды. Жаңалықтың аналарға жаққаны рас.

– Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Біз 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап бала күтімі үшін төлемді төлеу мерзімін саби бір жарым жасқа толғанға дейін ұзартамыз. Балалардың ең маңызды шағында – саби кезінде ата-аналары жанында көбірек болады», – деген қыркүйектегі Жолдауын естігенде қатты қуандым. Ол кезде мен жас босанған ана едім. Құшағымдағы сабиіме қарап, «солай болса екен» деген тілегім орындалды. Айзат – менің төртінші балам. 2022 жылғы тамызда дүниеге келді. Алдыңғы үшеуі бастауыш сыныптан оқиды. Көпбалалы ана ретінде де жәрдемақы алып отырмын.



ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫ –
ЕЛ МҮДДЕСІ

Бастысы, бала күтімінде отыру мерзімін ұзартқаны жақсы болды. Енді еш алаңдамай кішкентайымның бұғанасы бекігенше үйде боламын.

Мен секілді көп аналар баласы 1-ге толғаннан кейін жұмысқа шығады. Арасында үлкендеріне қаратып, тиіп-қашып жұмыс жасайды. Бұның барлығы еріккеннен емес, әрине. Бала болғаннан кейін оның тамағы, киімі және тағы да басқа қажеттіліктері бар. Жолдасым сеп болу үшін ерте жұмысқа шығып кеттім, – дейді, қарағандылық Айнаш Төлепова.

Иә, биылға дейін бала күтімімен үйде отырған аналар сәбилері бір жастан асар-апастан жұмысқа шығуға асығатын. Ортайған табыстың орнын толтырғысы келгендіктен. Қаржылық жағдай қыспаққа салғанда, оларды ешкім айыптай алмайды.

– Әлеуметтік Кодексте әлеуметтік осал топтарды қолдау шараларының барлығы сақталған. Дегенмен, отбасының жекелеген санаттарын әлеуметтік қолдаудың басымдықтары күшейтілді. Соның бастысы – бала күтіміне байланысты жәрдемақы төлеу мерзімінің ұзартылуы. Яғни, бір жылдан бір жарым жылға дейін. Төлем екі бағытта жүзеге асады, мемлекеттік бюджеттен және әлеуметтік сақтандыру қоры арқылы.

Ал, жұмыс істемейтін немесе бала туылғанға дейінгі соңғы екі жылда 6 айдан кем жұмыс өтілі бар ата-аналарға жәрдемақы мен төлемдер мемлекеттік бюджеттен қарастырылады. Және бұл төлем түрі жұмысқа шықса да тоқтамайды. Бірінші балаға – 5,76 АЕК немесе 19 872 теңге; екінші балаға –

6,81 АЕК немесе 23 495 теңге; үшінші балаға – 7,85 АЕК немесе 27 083 теңге; төртінші және одан кейінгі балаларға – 8,90 АЕК немесе 30 705 теңге.

Ал, бала күтіміне байланысты демалысқа дейін жұмыс істеген әйелдердің ай сайынғы әлеуметтік төлемі бөлек есептеледі. Ол әлеуметтік сақтандыру қорынан төленеді. Оның мөлшері бала туғанға дейін соңғы екі жылдағы орташа айлық табыстың 40 пайызын құрайды. Яғни, табысы көп болса, төлем де соғұрлым жоғары болады, – дейді Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Еңбек және әлеуметтік қорғау Комитетінің Қарағанды облысы бойынша департаменті зейнетақы және әлеуметтік қамсыздандыру бөлімінің басшысы Зухра Мұстафинова.

2022 жылы туған бала үшін жәрдемақы автоматты түрде жарты жылға ұзарды. Ал, 2022 жылы бірге толып кеткен балаға бұл төлем жүргізілмейді.

Сонымен қатар, бала күтіміндегі ата-ана еңбек қызметін қайта бастаған жағдайда, бала күтіміне төленетін жәрдемақы тоқтатылады. Ал, жаңа Кодекс бойынша осы санаттағы отбасыларды қолдау үшін төлемдер тоқтатылмайды және республикалық бюджеттен төленетін жәрдемақы мөлшеріне сәйкес төленеді.

Мемлекеттен ананы қолдау, баланы қорғауға арналған әлеуметтік жобалар жүзеге асып жатыр. Әлі де әлеуметтік төлем көлеміне өзгерістер енгізіп, өсірсе деген ұсыныс та жоқ емес, аналарда.

– Ақша көптік етпейді. Әлі де өссе екен деймін. Бұл – ана мен бала үшін үлкен материалдық көмек. Сонда ана ештеңеге алаңдамай, бала күтімі бойынша қаражатқа неқ артып, алаңсыз отырар еді, – дейді көпбалалы ана Айнаш Төлепова.

Бұл ұсыныс мәсәлімді қатты жатпайды. Сұрамшақтық немесе көңілді толмаушылық емес, керісінше баланың болашағы мен ананың алаңсыз тәрбиесіне үлкен қолдау деп түсінген абзал.

Жаңа қоғамға жаңа мұғалім келді



Білімді ұлт

Таңдау мүмкіндігі туғанда мейлінше мұлт кетпеді қажет ететін нәрсенің бірі – мамандық. Алайда, мамандық таңдауға келгенде аяғын шалыс басып, басқа жолға түскендер я шарасыз күй кешкендер көп. «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Жолдауында Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың: «Балаларды ерте жастан мамандыққа бейімдеу айрықша маңызға ие болуда. Өскелең ұрпақ өзінің болашақ кәсібин саналы түрде таңдай білуге тиіс» дегенді ұлкен мән бар. Осы орайда баланы жас кезінен кәсіпке бағыттап, мамандыққа мектептен бейімдеу қолға алынған болатын. Мәселен, биылғы оқу жылының басынан еліміздің мектептерінде Оқу-ағарту министрлігінің шешімімен педагог-кәсіби бағдар беруші (педагог-профориентатор) лауазымы енгізілді.

Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Облыстың білім басқармасы берген мәліметке сүйенсек, биылғы оқу жылында оқушыларға болашақ мамандықты таңдауға көмектесетін кәсіптік бағдар берушілер бірлігі енгізілді. Өңірде 264 немесе 70,4% білім беру ұйымында педагог-кәсіби бағдар беруші маманы жұмыс істейді. Мұндай мамандар кәсіптік бағдарлау жұмыстары аясында (ашық есік күндері, мамандық таңдау сағаттары, кәсіптік сынақтар, университет факультеттерінің апталығы, мұражайларға және жұмысшы кәсіптер орталығына экскурсиялар, өкілдермен кездесу және т.б.) жүргізіліп жатқан жұмыс, жоғары сынып оқушыларына өз бетінше мамандық таңдауға, кәсіптер әлемі, еңбек жағдайлары және кәсіптік оқыту орындары туралы ақпарат береді.

Енді ғана енгізілген мамандық таңдауға даярлау жүйесіне баға беруге әлі ерте. Дегенмен, жастар жұмыссыздығын азайтуға, олардың өмірден өз орнын табуына осындай жүйенің сеп болатынына сенім бар. Жасыратыны жоқ, оң-солын танымаған оқушылар мамандықтар туралы ақпараттарды біле бермейді. Осындайда пәнді үйрететін, оқушының қабілетіне қарай мамандыққа бағыттайтын педагогтің жұмысы орасан. Кәсіби бағдар беруші педагог еңбек нарығындағы сұранысқа ие мамандықтарды ұсынып, оқу орындары туралы ақпарат береді. Сондықтан, әр баланың бағытын дұрыс арнаға бұрып, болашаққа жөн сілтейтін мұндай мұғалімдерде жауапкершілік жүгі ауыр десе де болғандай.

Десе де, елімізде кәсіби бағдар беру са-



Назарбаев Зияткерлік мектебінің оқушылары

сында мамандар да, ақпарат та аз. Бұл бағыт Қазақстанда енді-енді дамып келе жатқаны жасырын емес. Шетелдерде балаларды мамандыққа бейімдеу балабақшадан басталады екен. Біз мұндайға әлі жеткеніміз жоқ. Жалпы білім беретін мектептердің өзінде кәсіби бағдар беру 7-сыныптан басталады. Мәселен, ҚР Профориентологтар қауымдастығының төрайымы Жадра Тойбай «шетелдік тәжірибеге сүйене отырып, білім беру бағдарламалары жөнінде толық энциклопедиялық басылымдарды жарыққа шығару керек» деген ойда.

– Өткен жылдан бастап мемлекеттік деңгейде қолдау тауып, кәсіби бағдар беруші педагог лауазымы әр мектепке енгізілуде. Ең алдымен жекеметтік мектептер мен ҰБТ-ға даярлау орталықтары профориентологтармен тығыз жұмыс істеп, түрлі тесттерді қолдана бастады. Баршамызға мәлім, қазір өзін-өзі тану пәнінің мұғалімдерінде сағат жоқ. Сол педагогтер енді кәсіби бағдарлаушы болып қайта даярлықтан өтіп жатыр. Жалпы, шетелдік тәжірибеге сүйене отырып, білім беру бағдарламалары жөнінде

Тәжірибесі аз мамандық біліктілікті арттыру курстарынан өткізу жоспарда бар екен.

– Мектептерде кәсіптік бағдар беру 7-сыныптан басталады. Кәсіптік бағытта педагогикалық «Тіл жаршысы» және медициналық «Мейірім тамшылары» атты сыныптар ашылды. Қазіргі таңда 7-9 сыныптарға жеке жұмыс жоспары құрылған. Қалалық білім бөлімінен кәсіптік бағытта бағдар беріліп отырады. Ата-аналармен онлайн режимде жиналыстар өткізіледі.

► 4-бет

• ЖАҒЫМДЫ ЖАҒАЛЫҚ

Бензин қымбаттамайды

Әзірге, бензин қымбаттамайды. Сондай-ақ, көктемгі егіс науқанына қажет отын қоры толық жасақталды. Бұл туралы Энергетика министрі Болат Ақшолдақов мәлімдеді.

Нұрқанат ҚАНАПИЯ,
«Ortalyq Qazaqstan»



Болат Ораұлұлының айтуынша, елімізде бензин мен дизель отын қоры жеткілікті.

«Бензин мен дизель отын қорын егіс маусымына дейін қалыптастырдық және импорттауға қажет болатын көлемді қосымша анықтадық. Биыл бұл көлем Ресей Федерациясымен екіжақты қарым-қатынас аясында шамамен 850 мың тонна деп бекітілді», – деді министр.

Бұған дейін Ауыл шаруашылығы министрінің орынбасары Әбілқайыр Тамабек көктемгі науқанға өңірлерге 413 мың тонна дизель отын бөлінгенін айтқан еді. Бұл – өткен жылғы деңгейден 13 мың тоннаға артық. Фермерлер үшін орташа баға литріне 204 теңгені құрайды.

Сонымен қатар, Болат Ораұлұлы осы жерде бензин қымбаттамайтынын жеткізді.

«Бензин бағасының өсімі күтіліп отырған жоқ», – деді ведомство басшысы. Қазіргі уақытта Қарағандыдағы жанармай бекеттерінде бензиннің АИ-92 маркасы литріне – 182-185 теңге, АИ-95 маркасы 210-215 теңге шамасында сатылуда. Ал, дизельдік отынның бір литрінің құны – 230 теңге мұғдарында.

ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМДАРЫ:

•EUR/KZT 494.82

•USD/KZT 466.15

•RUB/KZT 6.10

•CNY/KZT 67.57

Қазақстан Ұлттық Банкінің 17 наурыз, 2023 жылғы дерегі бойынша



• ДІН-ДІҢГЕК

Сауапқа толы қасиетті ай

Қасиетті Рамазан айы мұсылман қауымы асыға күтеді. Ауыз бекітіп, жақсы ниет қылады. Ас-судан, артық сөзден тыйылып, рухани кемелдікке ұмтылады. Биыл Рамазан айы 23 наурызда басталып, алғашқы тарауих намазы 22 наурызда оқылады. Пітір садақаның мөлшері 2 келі ұнның орташа бағасына тең. Яғни, 535 теңге деп белгіленген. Бұл жөнінде ҚМДБ Қарағанды облысындағы өкіл имамы Естай Әбдіғали Әнет баба атындағы орталық мешітте өткен баспасөз мәслихатында кеңінен айтты.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Алла Тағала қасиетті Құран Кәрімдегі «Бақара» сүресінің 185-аятында: «Рамазан айы – өмір сүрудің тура жолын ажыратып, айқын дәлелдермен көрсетіп берген қасиетті Құранның түсіріле бастаған айы. Осы айға аман жеткен әрбір адам ораза ұстасын...» депті. Демек, барынша ораза ұстау қажет.

Биыл ораза ұстау уақытының ұзақтығы – 29 күн. Қасиетті Қадір түні сәуірдің 17-нен 18-не қараған түні болады. Ал, 21 сәуір – Ораза Айт мерекесі тойланады. Мешіттердің маңында түрлі ұлттық ойындар мен ұлттық спорт түрлерінен жарыс ұйымдастырылып, салауатты өмір салты насихатталмақ.

– Рамазан айы – атқарылған ізгі істер үшін еселеп сауап жазылатын Алланың рахымына бөленген уақыт. Облыс аумағындағы мешіттерде түрлі қайырымдылық акциялар өтеді. «Тегін такси» акциясын қайта жандандырамыз. Онда мешітке келген көлігі бар кісілер жол-жөнекей адамдарды ала кетіп, сауапқа кенеледі. Жа-

нашар жандарды ізгілік жолында қол ұшын беруге шақырамын. Сонымен қатар, әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларға, студенттерге, жалғызбасты аналар мен жетімдерге «Рамазан қоржыны» және «Ауызашар себеті» сынды ауызашарға қажетті себеттер таратуды жоспарлап қойдық. Қалыптасқан дәстүр бойынша, мешіттеріміздің асханасында ауқымды ауызашарлар ұйымдастырамыз. Бұдан бөлек, әр жұмада «Қайырымды жұма», «Жомарт жұма» қайырымдылық акцияларын да өткізу ниетіміз бар. Тағы бір айта кетерлігі, балалар үйі мен қарттар үйіне барып, оларға да ауызашарлар ұйымдастырамыз. Жылына бір келетін қасиетті айда әркім сауабы мол іс жасауға асығуы керек, – деп айрықша атап айтты Естай Айтұғанұлы.

Сонымен қатар, ай бойы облыс мешіттерінің имамдары әлеуметтік желілер мен телеарналарда «Отыз күнге отыз сұхбат» атты айдарым ораза ұстау, рухани тазару тақырыбындағы сұрақтарға жауап береді.

– Рамазан айында көбірек уағыз айту қажет. Сондықтан, біздің имамдарымыз «Намаз оқып



үйренейік», «Құран оқып үйренейік» дәрістерін де ел назарына ұсынатын болады, – деп атап өтті спикер.

Сондай-ақ, спикерлерге журналистер тарапынан жалпы мұсылманшылық пен дінді ұстануға байланысты сұрақтар қойылды. Елдің көкейінде жүрген бұл сауалдарға да жауап берілді.

– Негізі, адам алдымен ойын таза ұстауы керек. Жақсылық жақсы ойдан басталады. Рамазан айында тіпті, жаман ойдан аулақ болып, жақсы сөйлеуге, ізгі ниет қылуға шақырамыз. Садақа – бөлені қайтарады. Ал, Рамазан

айында берілген садақаның сауабы өте мол. Белгілі себепке байланысты ауыз бекіте алмаған адам

шамасы келетіндерге қатысы жоқ. Ал, пітір садақаны мешітке апарып беруге уақыт болмаса, ҚМДБ

ашылады. Ораза тұтқан адамның алдындағы және кейінгі күнелері кешіріледі», – деп сүйіншілеген екен.

Рамазан айында адамдарға көп жақсылықтар және мүмкіндіктер беріледі. Бұл – шынайы құлшылық жасап, Алланың разылығын алуға, сонымен қатар халқымызға қызмет етіп, адамдардың алғысын алуға берілген үлкен мүмкіндік маусымы. Сондықтан, жамағат арасынан Құран хатым оқу топтары ұйымдастырылып, мүмкіндікке орай тарауих намазынан соң жамағатты қоғамдық көліктермен қамтамасыз ету қолға алынбақ екен. Қасиетті айда тойлардың ішіміздіксіз өтуіне, жамандықтың бастауы болған арақ-шараптың сатылуына барынша жол берілмеуіне дүкендерде, сауда орындарында насихат жұмыстары жүргізіледі.

Тағы бір ескерер жайт, көбіміз Құранды кириллицамен оқимыз және белгілі себептермен ораны толық өтей алмаймыз. Шарият бойынша, арабша үйренуге мүмкіндік болса, Құранды арабша оқығанның сауабы мол екен. Ал, кириллицамен оқығанда кейбір араб қаріптерінің мағынасы өзгеріп кететін көрінеді. Алайда, бұл арабша білмесең, Құран оқыма деген сөз емес. Мешіттердегі мүмкіндікті пайдаланып, арабша оқуға дағдыланса, сауабы көп. Ал, қалып қойған қарыз күндерімізді ораза басталғанша өтеп үлгермесең, Рамазан айы біткен соң, қайта өтеуге болатынын айтқымыз келеді.

Сауабы мол Рамазан айында әрбір ізгі амалды шынайы ниетпен орындап, оның нәтижесі мен жемісін көруді Алла нәсіп еткелі. Әмин!

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• ШЫМБАЙҒА БАТСА ДА, ШЫНДЫҚ

Жыр болған жел диірмені

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен әзірленген «Жасыл Қазақстан» Ұлттық жобасының мақсаты – адамдарға қолайлы орта қалыптастыра отырып, экологияны жақсарту. Қарқаралы ауданында осыдан алты жыл бұрын қолға алынған жел электр станциясының да дүрттегені осы болатын. Дегенмен, арада осынша уақыт өтсе де қарқаралылықтарды қарық қылған электр станциясын көрмедік. Араға жыл салып арақидік жоба өкілдері ауданға ат басын бұрып, станцияның құрылысын сағызша созып келеді. Олар биыл тағы келді, жобаны іске асырамыз деп...

Сағыныш ӘБІЛ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетінің 2017 жылғы №86 санында «Қарқаралы қаласында жел электр станциясының алғашқы іргетасы қаланды. Қайта қалпына келтірілетін энергия көзін беретін жоба ауқымды. ...Жобаны жүзеге асыруды бірлесіп қолға алған «Шаңырақ – 21» және германиялық «United Energies AG» ЖШС 2018 жылдың төртінші тоқсанында станцияны толығымен іске қосады» деп сүйіншілеп жазған болатынбыз.

Құны – 82 млн. евро. 10 жылдан аса шетелдік және отандық ғалымдардың зерттеулерінің нәтижесінде желдің атласы, күші мен бағыты, ауаның температурасы, қысымын зерттеу жұмыстары жүргізілді. Нәтижесінде аудан аумағынан, қалаға іргелес «Майор» тауынан 280,0 га жер учаскесі берілді. Ауданды баламалы табиғи электр энергиясымен қамтамасыз етумен қатар, мамандарды оқыту, баспанамен қамтамасыз ету, бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі ретінде білім беру нысандарын да салу жоспарда болған-тын

«United Energies AG» ЖШС-мен арадағы түрлі жағдайлардың әсері болды. Бірақ, біз жобаны іске асырудан бас тартып отырған жоқпыз. Құрылыс жұмыстарын бастау үшін Қарқаралы қаласына барып құжаттарды реттеудеміз. «Қарағанды Жарық» мекемесімен келіссөздер жүріп жатыр. Егер онынан шешілсе, құрылысты биыл бастап, сегіз айдың ішінде аяқтауды мақсат етіп отырмыз, – дейді «Шаңырақ – 21» ЖШС-нің коммерциялық директоры, құрылтайшының орынбасары Нұркен Садуақасов.

жобаны қайта қолға алдық. Жерді жалға алу мерзімін тағы екі жылға ұзарттық. Сонымен қатар, жобаны жүзеге асыруда мемлекет тарапынан үлкен қолдау бар. Атап айтқанда, кедендік төлем, тағы басқа да салықтардан он жылға дейін толығымен босатылған. Жел электр паркіні іске қосуға кеткен қаражаттың 30 пайызға дейінгі мөлшерін мемлекеттің субсидиялайтыны тағы бар.

Құрылыс алаңына баратын жол салынды. Біздің компанияның бүгінгі күнге дейінгі шығыны 370 млн. теңгені құрап отыр. Қала басында балабақша салу да жоспарымызда айтылған еді, жоба құрылысы басталған соң, көмегіміз тиеді», – деді.

Егер жоба жүзеге асатын болса, 15 адамды мамандыққа оқытып, жұмыспен қамтымақ. Станция жұмысы автоматтандырылғандықтан, тәулік бойы жұмыс жасайды. Сол себепті құрылыс алаңында жұмыскерлерге арналған орын болады. Егер жоба іске қосылатын болса, аукционда анықталған бағамен «Шаңырақ – 21» ЖШС жеткізуші ретінде өндірілген өнімді «KEGOC» компаниясына сатады. Содан кейін барып қана, электр қуатына төлем бекітіледі. Станцияның қуаты сағатына – 62 МВт. Станция басынан қала басындағы КРЭК мекемесінің подстанциясына дейін 22 шақырым жерге бағандар қойылып, желі тартылады. Күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіледі.

– «Шаңырақ – 21» ЖШС басшылары аудан әкімінің қабылдауында болды. Экономикалық жағдай, әлемдік пандемияға байланысты Германиядағы инвесторларымен байланысты өзгендіктерін жеткізді. Олар берілген учаскеде бірқатар жұмыстар атқарған. Ауыр жүк көліктеріне арналған I санатты жолды салып қойды, – дейді аудан әкімінің орынбасары Әділжан Арғынов.

Қашпаған сиырдың уызынан дәмелі болғысы келмеді ме, аудан әкімінің орынбасары қысқа қайырды.

Осылайша, екі жақтың пікірі бір арнаға тоғысқандай. Жоба 2017 жылы жүзеге асуы керек еді, ал, пандемия 2020 жылы наурызда басталды. Сыныққа сылтау көп.

... Жобаға жауапты серіктестік «Күлтөбенің басында» Қанда жанын өткізіп жүргенде, Қарқаралы ауданының әкімі үш рет ауысып үлгерді.

• «ТУҒАН ЖЕРГЕ ТУЫҢ ТІК!»

«...Еліңе пайдан тисін»

Қазіргі қоғамда «бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі» деген термин бар. Яғни, кез келген кәсіпкер кәсіп жасап, табыс тауып отырған жеріне қамқорлықпен қарауы тиіс. Ал, қазақ мұны «Батыр болсаң, жауыңа найзаң тисін, Бай болсаң, еліңе пайдан тисін» деп, бағзыда айтқан. Біздің арамдыда ұлағатты сөзді тұмырлық ұстанымына айналдырған азаматтар жерлік. Жарқын мысалы – нұралық Сейітхан Қоңырбаев. Кәсіпкер бұл жолы Нұра ауданының орталық ауруханасына бес физиотерапиялық аппарат тарту етті.

Нұрқанат ҚАНАПИЯ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Наурыз мейрамы қарсаңындағы сыйлықты аурухана қызметкерлерімен қатар аудан тұрғындары да қуана қабылдады. Мекеме тараптан мәліметке сүйенсек, сыйға тартылған құрылғылар қатарында «Алмаг+», «Алмаг-01» маркалы аппараттар, «Гезатон» дарсонвальдық терапияға арналған құрылғы, «Поток-1» гальванизаторы және «Солнышко» ультракүлгін кварц

ақылы негізде жүгінеді. Жомарт кәсіпкерге жерлестері дән риза. Аудандағы «Жараспай» ЖШС-нің басшысы Сейітхан Қоңырбаев әлеуметтік салаға ұдайы көңіл бөліп, қолдау танытып келеді. – Сейітхан Оспанбайұлы – ауылымыздың тумасы. Туған жеріне көп жылдар бойы үзбей көмек көрсетіп жүр. Қазір ауыл тұрғындарының 70 пайызға жуығы кәсіпкер басшылық етіп отырған серіктестікте еңбек етеді. Ауылдағы қоғам-



сәулендіргіші бар. Бұл жабдықтар – бронх демікпесі, созылмалы бронхит, ОСОА, артрит, артроз, остеохондроз, сколиоз, өкшеге тұз жиналу сынды дерттерді емдеуге таптырмас құрал. Сондай-ақ, сүйек сынып немесе шығып кеткенде, сіңір созылғанда, ет сөгілгенде көмегі көп.

Сырақтанған жандар физиотерапиялық процедураларды медициналық сақтандыру көлеміне сәйкес қабылдай алады. Тек, учаскелік дәрігерлер мен бейінді мамандардың жолдамасы қажет. Ал, егер, аудандық ауруханаға бекітілмесе,

Нұра ауданы



Алайда, орны белгіленіп, қазығы қағылғанымен, құрылысы басталмады. Бес жыл ішінде екі рет жалға алған жердің мерзімін ұзартты.

Кешенді жоба Біріккен Ұлттар Ұйымының бағдарламасы негізінде жоспарланып, инвестор «Шаңырақ – 21» ЖШС болды.

ау баста. Араға жыл аралатып, бір соғып, «әне-міне құрылысты бастаймыз» деп жүрген инвестормен хабарластық.

– Жоба құрылысының тоқтап қалуына әлемдегі пандемия, еліміздегі сатып алу заңнамаларға енгізілген өзгерістер әрі біздің серіктесіміз германиялық

Орынбасарының берген жауабынан кейін іле-шала «Шаңырақ – 21» ЖШС-нің басшысы Мұрат Доштаев мырза да хабарласты. «Серіктестік 2014 жылы аталмыш жобаның негізінде құрылған. Жобаны іске асыруда түрлі жағдайлар орын алып, кедергі келтірді. Пандемия аяқталғаннан кейін

Дина Аманжолова: Заманауи ғимаратқа қажеттілік артып келеді



ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫ – ЕЛ МҮДДЕСІ

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты Жолдауында ауқымды саяси реформалар еліміздің әкімшілік-аумақтық құрылымын жетілдіруге тың серпін беретінін айқындады. Жолдаудың сегізінші тармағы еліміздің әкімшілік-аумақтық құрылымын жетілдіруді негіздейді. Осы орайда, дәйексөз келтіре кетсек. «Бұрынғы Жезқазған облысының аумағында Ұлытау облысын құру қажет. Жезқазған қаласы қайтадан облыс орталығы болады. Бұл аймақта дербес облыс құру – экономикалық қана емес, рухани жағынан да маңызды шешім». Хоп. Жаңа облыс енісіні алып, құрылды. Ал, оның руханиатқа, мәдениетке недей қатысы бар демекпіз ғой. Бар екен. Бізге бұл туралы Н. Гоголь атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының директоры, «Халық алғысы» медалінің иегері Дина Аманжолова сұхбат барысында тарқатып берді. Назар салып көрелік.

– Дина Базарбайқызы, әңгімеіміздің басын Ұлытау облысының енші алып бөлінуінен бастасак. Бұл үрдіс бұрын біртұтас болған өңір кітапханашыларына қалай әсер етті?

– Иә. Қазақ хандары келелі кеңес құрған қасиетті Ұлытау аймағының өз алдына дербес облыс болғаны қай қазақты болсын, қуантқаны анық. Бұрын біздің әдістемелік құрылымға қараған ондағы кітапханалар жұмысы бұрынғы кезде де жүйеге түскен еді. Қазір тіптен көркейіп жатқанына сенім мол. Енді басында әріптестерімізді қимағанымызбен, кейін келе бойымыз үйрене бастады. Жұмыс үдерісі барысында да онтайлы тұстар мол. Аумақтық бөлініс кітапханалар жүйесіне пайдасын тигізбесе, зиянын шектірмеді. Бүгінде де әріптестерімізбен тығыз қарым-қатынастамыз. Ол жақтан архивтік құжаттарға жиі сұраныс хаттар келіп жатады. Сәтбаев, Жезқазған, Қаражал қалалары мен Жаңаарқа ауданындағы кітапханалар жақсы деңгейде дамуда. Ондағы әріптестеріміз жиі хабарласып, кей тұстарда бірегей жобаларды сәтті іске асырып жатамыз. Бұрын өңірде 314 кітапхана болса, қазір облысымызда 257 кітапхана жұмыс атқарады. Әсіресе, кітапханаларды әдістемелік дамыту бөлімі бар. Облыс бойынша кітапхана ісінің дамуы осы бөлімдегі әріптестеріміз үйлестіреді. Есептік кезеңде орталық кітапханалар жүйесіндегі жұмыстар жеделдеді. Бір қуанармыз, облыс бөлінісін тұрғын біз Ұлытау өңірінің барлық кітапханаларын заманауи жабдықтармен әрі ғаламтормен тұтас қамтып үлгерген едік.

– XXI ғасыр кітапханасы қандай болмақ керек?

– Салмақты сауал екен. Мен осы кітапханаға қызметке 1994 жылы қабылданған едім. Жұмысқа жолдама алған соңғы түлек болдым. Бір кезде оқырман кітап алу үшін кезекке тұратын. Әсіресе, демалыс күндері дамыл таппайтынбыз. Кітап жетіспейтін. Орта есеппен күніне 300-400 адамға дейін қызмет көрсететінбіз. Компьютер емес каталогпен жұмыс жасаймыз. Қателессеңіз, кітап қорынан қажет кітабыңызды таба алмай қаласыз. Қазір жұмыс электронды бағытта өрбиде. Үдеріс жеңілдеді, онтайландырылды. Оқырман тарта қоятын үйірмелер де аз кетті. Ә, деген бетте ештеңе абырап қалғанымызбен, 2006 жылы Гүлмира Ыбыраева әріптесіміз екеуміз «Жыр-жауһар» поэзия клубын аштық. Бұл күнде кітапхана сипаты 100 пайызға өзгерді деп айтсақ, жа-



расар. Кітапханалар жұмысы заман ағымына сай әлемнің кез келген азаматы кез келген жерден қалаған ақпаратты ала алатын деңгейге жетті. Бірақ алдымызда көлденең тұрған бір мәселе бар. Осы орайды пайдаланып, облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаевқа дағ айттып қоймақ ниетіміз де жоқ емес. Ол – типтік заманауи ғимаратымыздың жоқтығы. XXI ғасыр кітапханасы кітап алып, кітап беріп қана қоятын жер емес. Мәдениеттің мәйегі – кітап. Мұнда кез келген оқырман қажетті ақпаратына қол жеткізіп қана қоймай, шалдықса, тынығып алатындай тіпті қажет болса, белін жазып аз-кем мүлгіп аларлық арнайы демалыс бөлмелері, жүрек жалпақ аларлық шағын асханасы, шығармашылықпен айналыса, соны жүзеге асыра аларлық лингафон кабинеттері болуы қажет. Бұл – уақыт талабы. Бізге «астрономия клубын ашайық деп едік» деген ұсыныспен көп жастар келіп жатады. Ғимаратымыздың тарлығы мұндай кешенді істерді қолға алып, кеншілер астанасындағы бірегей кітапхананың әрі қарайғы дамуына қолбайлау болып отыр. Қала тұрғындарының рухани-мәдени қажеттіктерін ақысыз ұсынатын бірден-бір киелі ошақ кітапхана ғана. Қалған мәдени нысандардың бәрі – ақылы. Бір сөзбен айтсақ, оқырманға ойындағыдай жағдай жасалу қажет! Бір мысал, балам – Назарбаев университетінің студенті. Ұлым сабақтан соң кітапханаға барып, дәрісіне дайындалады. Түнгі сағат 11-12-лер шамасында асханасына барып, тамақтанады. Әрі қарай тіпті, көз шырымын алып алады. Өйткені, онда демалып алуға лайықталған арнайы

дивандарына дейін бар. Таңертең бөлмесіне соғып, жуынып-шайынып сабағына барады. Яғни, шарттылық пен басы артық шығын жоқ. Міндетті түрде келген соң үйге қайту деген түсінік атымен жоқ. Және бұл үрдіс қалыпты жағдайға айналғалы қашан. Бұл – жастарды тәрбиелеуге таптырмас құрал. Мұндай кітапхананың тұрақты оқырманына айналған азаматтар қылмыс пен түрлі қоғамдағы кеселді дерттен ада болар еді.

Жалпы, өзін сыйлайтын, болашағы жарқын болсын деп алаңдайтын кез келген дамыған мемлекет алдымен мектеп, кітапхана сосын аурухана салады. Себебі, кітапханасы нашар елдің ұрпағы білімді болады дегенге ешкім кепілдік бермейді. Қайтсе де, түрлі мәдени іс-шараларды өткізерлік жеке сахна болса, электронды дүниелермен айналысатын жастарға жеке кабинеттері болса құба-құп болар еді. Мәселен Қызылорда, Түркістан, Шымкент қалалары заманауи ғимараттарымен мақтана алады. Ал, Арқа төрінде арнайы типтік үлгіде ғимарат жоқтың қасы. Шахтинскіде ғана бес қабатты бір ғимарат бар. Мысалы, Сіз бен біз отырған осы ғимарат 1969 жылы сән үйі ретінде лайықталып салынған. Бұл – бұрынғы тігін цехының ғимараты. О баста кітапхана нысаны салынғанша осында амалдайсыздар деп қоныстандырған. Міне, сол жылдан бастап әлі күнге дейін «уақытшы қонақпыз». Бұл нысан Жасөспірімдер сарайымен бір шатырдың астында тұр. Кейде оқырмандарымыз қабырғалас жандардың ән айтып би билеп жақанын естіп шағымданады. Оқырманға қажет тыныштық орната алмай жүреміз. Сол себепті, біздің осы мәселемізді облыс әкімдігі назарына алып, жақын болашақта арнайы типтік ғимаратқа қол жеткізсек пе дейміз. Сонда, Сіздің бұл сауалыңызға іс жүзінде жауап берген болар едік. Әрі ел Президенті алдымызға қойған тапсырмасын орындағанымыз деп топшылаймыз.

– Бәлкім, кітапхана мәртебесін көтерерлік арнайы мемлекеттік бағдарлама немесе заң қажет пе екен?

– Қызмет бабымен түрлі мемлекеттерде болдым. АҚШ-та арнайы мемлекеттік мәдениет саласында кітапхана ісін дамыту тұжырымдамасы мен бағдарламасы бар. Көршілес Ресейде ұлттық кітапхана ісі туралы федералды заң қабылданған. Тәттіні тәтті деу керек, жақсыны жақсы деу керек. Бұл орайда, мемлекет тарапынан қолдау зор. Былтыр 24 қазан «Кітапхана күні» деп бекітілді. Мемлекет қолдамаса, отызыншы жылдардан бермен қарай сақталған мерзімді баспасөз бен еңбектерді сандық форматқа ауыстыра алмас едік. Кітапханаға өмірін арнап, қайран қылар жан болған соң, алаңдаушылық білдіріп жатамыз ғой. Егемен күннен бері қарай талай ігі істер атқарылды. Ертемімізге тастүйін жүйесі деген ой біздікі.

– Риясыз сұхбатыңызға алғыс білдіреміз!

Сұхбаттасқан Еркәнат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ерекше жандар елеусіз қалмайды



Қарағанды облысында 55 000 нан астам мүгедектігі бар адамдар бар екен. Оның ішінде, Қарағанды қаласында 25 096 адам тіркелген. 3043 адам – 1 топ, 10536 – 2 топ, 9036 – 3 топ санатында болса, мүмкіндігі шектеулі балалар саны – 2481.

Назым ДҮТБАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ерекше жандардың мәселесі күнделікті өмірде көзге жиі ұшырамағанымен, олармен тығыз қарым-қатынаста жұмыс істейтін мекеме қызметкерлері мен бейімдеу орталықтарына мәлім. Мемлекет басшысы «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» Жолдауында «Біз ерекше қажеттіліктері бар адамдар үшін бірдей мүмкіндік жасауға міндеттіміз», – деген еді.

Қазір Қарағанды облысында мүмкіндігі шектеулі жандарға әлеуметтік көмек көрсететін 70 ұйым жұмыс істейді. Бірнеше ігі жоба жүзеге асқан. Аутизммен ауыратын балаларды қолдау орталығы ашылды. Ерекше балаларға арналған түрлі спорттық секциялар жұмыс істей бастады. Аймақтағы 11 қалада инватакси іске қосылды.

Мүмкіндігі шектеулі жандарды жұмысқа орналастыру ісі де жүйелі жүзеге асып келеді. Жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы берген мәліметке сәйкес, жергілікті атқарушы органдар «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, халықты жұмыспен қамту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады. Онда ауыр, еңбек жағдайы зиянды, қауіпті салалардағы жұмыстарды қоспағанда 2-ден 4%-ға дейінгі мөлшерде мүгедектер үшін жұмыс орындарының квотасын белгілеу (9-бап) қарастырылған.

Бұдан бөлек, мүмкіндігі шектеулі жандарға квота бөлу барысында «Мүгедектерге жұмыс орындарын квоталау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 13 маусымдағы №498 бұйрығына сәйкес, және Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі және «Мемлекеттік қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңы негізінде қызметке кірудің ерекше шарттары, лауазымға тағайындау тәртібі мұқият ескеріледі.

Қарағанды облысы өнеркәсіптік аймаққа жататынын ескерсек, көптеген ұйымдар мен кәсіпорындарда еңбек жағдайлары ауыр және зиянды, сондықтан барлық кәсіпорындарда квота жоқ.

2023 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша еңбекке қабілетті мүгедек-

тер саны 34 148 адамды құрайды. Олар 16 және одан жоғары жастағы еңбекке қабілетті адамдар, 60 жасқа дейінгі әйелдер, 63 жасқа дейінгі ерлер. Соңғы 3 айда 11 793 адамға әлеуметтік төлем аударылған. Жұмыспен қамтылған мүгедектердің үлесі – 34,5%. Жоспарда – 28,5% деп көрсетілген.

Биыл штат саны 6203 адамды құрайтын 48 кәсіпорын (ауруханалар, мектептер, жеке ұйымдар, коммуналдық қызметтер) анықталды. Оларда 87 адамға квота белгіленді.

Әлеуметтік осал топтар үшін биыл 191 грант беру жоспарлануда. Сонымен қатар, жаңа механизм – жастарды несиелендіру енгізілуде, онда 1,62 млрд теңге сомасында 324 несие қарастырылған, оның 227-сі қалада (70%), 97-сі ауылдық жерде (30%).

Кәсіпкерлікті дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған ұлттық жобасы аясында мүгедектер санатынан 700 адамды қамту жоспарлануда. 2023 жыл 1 наурыздағы жағдай бойынша 527 мүгедек өтініш берсе, оның 252-сі жұмысқа орналастырылды.

Бос орындарға – 56 адам, әлеуметтік жұмыс орындарына – 8 адам, қоғамдық жұмыстарға – 187 адам, жастар тәжірибесі бойынша – 1 адам жұмысқа орналасты.

Өзін-өзі жұмыспен қамтыған және жұмыссыз азаматтарды, оның ішінде мүгедектерді жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шаралары туралы ақпараттандыру, еңбек нарығында сұранысқа ие кәсіптік дағдылар мен біліктіліктерді алуға ақпараттық қолдау көрсету, қалалар мен аудандарда бизнес-идеяларды іске асыруға гранттар алу мақсатында, оның ішінде облыстың шалғай ауылдық елді мекендерінде Жұмыспен қамту орталықтарының жылжымалы Жұмыспен қамту пункттері жұмыс істейді.

Сонымен қатар, тұрақты негізде жұмыссыз тұрғындарға ақпараттық-түсіндіру жұмыстары, бұқаралық ақпарат құралдары, әлеуметтік желілер, ЖҚО ресми Instagram парақшасында, басқарманың интернет-ресурсында жұмыс берушілермен және жергілікті тұрғындармен кездесулер, ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүргізілуде.

Осы квота негізінде Қарағанды облысы Абай ауданындағы жұмыспен қамту орталығына жүгінген жанның бірі – 3 топ мүгедегі Әлихан Ахмеджанов. Әлихан – Абай ауданындағы Көпсалалы колледж түлегі. Орталыққа жүгінген соң жұмыссыз деп танылды. Одан соң «Алғашқы жұмыс орны» жобасына сай жолдама беріліп, жұмыс берушінің өтініші бойынша «Абай ауданының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөліміне» бағдарламашы болып жұмысқа орналасты.

● МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ – АБЫРОЙЛЫ МІНДЕТ

Басты мақсат – халық сенімін арттыру

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Жолдауында экономиканы түбегейлі реформалау үшін мемлекеттік басқару жүйесіне серпіліс қажет деген болатын. «Жұрт бос сөзден, жарқын болашақ туралы жалынды ұрандардан жалықты. Халық мемлекеттік органдардың өз үдесін қағаз бетінде емес, іс жүзінде орындағанын қалайды» деп, қадан айтты. Сәйкесінше, мемлекеттік қызмет туралы заңнамаға да бірқатар өзгерістер енгізілді. Осы орайда, Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаменті мемлекеттік қызмет ардагерлері және жас мемлекеттік қызметшілер арасында еркін форматта кездесу өткізіп, ой-пікірлерімен алмасты.

Салтанат ІЛІЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Мемлекеттік қызмет саласындағы өзекті мәселелер бойынша пікірлеріңді тыңдап, бәсекеге қабілетті кәсіби мемлекеттік аппарат құру және мемлекеттік қызметтік оң имиджін қалыптастыруға бағытталған ұсыныстар, жас мемлекеттік қызметшілер алдында тұрған міндеттер жөнінде өз ойларыңдызбен бөлісу үшін кездесуді ұйымдастыруды жөн көрдік, – деген Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаментінің басшысы, Әдеп жөніндегі кеңес төрағасы Ербол Жолданғар мемлекеттік қызмет туралы заңнамаға енген өзгерістерге тоқталды. Атап айтқанда, мемлекеттік қызметке кіру және шығу рәсімдері жеңілдеп, заманауи талаптарға сәйкестендірілген.

Мәселен, жоғары оқу орындарын грант

арқылы жақсы тәмамдаған үздік түлектер аудандық және ауылдық деңгейлердегі төменгі мемлекеттік қызметке конкурстық іріктеусіз ақ кіре алады. Одан бөлек, ҚР Президенті жанындағы мемлекеттік басқару академиясын жақсы нәтижемен аяқтағандар да уәкілетті органның келісімімен лауазымды иелене алады. Үшіншінен, «Б» корпусының жоғары лауазымдарына уәкілетті органның келісімімен конкурстық іріктеусіз тікелей тағайындау мүмкіндігі де беріліп отыр. Одан бөлек, мемлекеттік қызметшілердің қызметі тоқсан сайын бағаланатынын да айту керек.

«Ақыл жастан, асыл тастан» демекші, мемлекеттік басқарудағы қазіргі жағдай мемлекеттік қызметке жас талантты кәсіпқойларды тартуды талап етіп отыр» дейді Ербол Қабдығалиұлы. Сондықтан, басқарушылардың жаңа буынын қалыптастыру мақсатында Президенттік жастар кадрлық резерві құрылды. Облысымыз бойынша бірінші іріктеуден 41 жас өтсе, 2021 жылғы іріктеуге



4 адам өткен. Сәйкесінше, оның 3-і басшы лауазымына өтсе, 1-і – мемлекеттік орган жанындағы консультативтік-кеңестік органға енген.

Жиынға қатысқан Қарағанды қаласының ардагерлер кеңесінің төрағасы Ғабит Тұяқов уақыт өзгерген сайын мемлекеттік қызметшіге қойылатын талап та өзгеретінін айтады. Бірақ, басты мақсат – халыққа қызмет ету болып қала бермек. «Кез келген мемлекеттік

қызметші мұн-мұқтажын айтып келгенге қол ұшын беріп, көмектесуі керек», – дейді Ғабит Шораұлы.

Қарағанды облыстық прокуратура ардагерлері ұйымының төрайымы, Әдеп кеңесінің мүшесі Рабига Мұстафина болса, мемлекеттік қызметшінің сыртқы мәдениеті мен ішкі жан-дүниесі ұштасуы әдептілікке әкеледі дейді. Ал, өз қызметінде жақсы жетістікке жету үшін заң қағидаларын дұрыс

сақтап, оны жұмысында қолдана білуі тиіс.

– Кез келген адам мемлекеттік қызметші бола алмайды. Бұл адамның қабілеті, білімі, тәжірибесі бағаланатын қызмет түрі. Сондықтан, аға буын жастарға білгенін үйретіп, қол ұшын беріп жүрсе, дұрыс болады. Ал, жақсы лауазымға жету үшін біліммен қатар, заң нормаларын да білу керек, – дейді Рабига Құсайынқызы.

Әдеп кеңесінің мүшесі, Қарағанды облысы Кәсіпкерлер ассоциациясының президенті Гүлнар Құрбанбаева көп жағдайда тұрғындар мемлекеттік қызметшілерге жүгініп, мұң-мұқтажын айтуға жүресінетінін, тіпті, сене қоймайтынын да айтады. Сондықтан, қазіргі жас мемлекеттік қызметшілер бойында қазірден клиентке бағдарланып жұмыс жасауды тәрбиелеу керек екеніне тоқталды. «Бірақ, өкінішке орай, көп жағдайда жас мамандар бірінші орынға клиентті емес, бастығының тапсырмасын қояды», – дейді ол.

Кездесуге қатысқан жас мемлекеттік қызметшілер де өздерінің пікірлерін білдірді. Олардың дені жоғары оқу орнын бітіріп, қызметке кіріскендер. Олар үлкендердің пікірлерін тыңдап, бағаларын алды.

«Бүгінде барлығымыз өзгеріс жағдайында қызмет етудеміз. Біздің басты мақсатымыз – мемлекеттік аппаратқа деген халық сенімін арттыру арқылы мемлекеттік қызмет саласын жетілдіру, артық бюрократиялық талаптарға жол бермеу. Сондықтан, сіз бен біз болып аталған талаптарды іс жүзінде жүзеге асыруға шақырамын», – деді Ербол Қабдығалиұлы кездесу соңында.



● ЖАҢА КІТАП

Олқылық орнын толтырған оқулық

Қазір – ақпараттық технология дамып, гаджет пен әлеуметтік желі белен алған кезең. Иә, кейде ғаламтор беттеріндегі ақпараттарды қорытып, нақтылауға медиасуауат жетіспей жатады. Ғаламторға байланып, әлеуметтік желінің айдарынан жел ескен біздің заманда ақпараттың қайдан, қалай шыққанын, қаншалықты сенімді екенін анықтау одан сайын қиындай түсті. Бұны не үшін қозғап отырмыз? Өткен аптада академик Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті журналистика кафедрасының қауымдастырылған профессоры, филология ғылымдарының кандидаты Жанар Рамазанованың көпшілікке таныстырылған «Әлеуметтік медидадағы коммуникация» оқу құралы осы олқылықтардың орнын толтырғанын айтқымыз келеді. Кітап не туралы, тарқатып көрейік...

«Журналистик этика» тақырыптары бойынша елімізге танымал медиа-тренер Жанар Сембекқызының тың кеңістікке түрлен салған бұл еңбегі – осы сауалдардың баршына жауап бере алатындай құнды дүние.

Кейінгі жылдары әлеуметтік медиа әр адамның шындығымен қатар өмір сүруде. Бүгінде онлайн-орта кез келген қоғамға тән ерекшелікпен қоса, адамдардың өмір сүруінің толық кеңістігіне айналды. Мәселен, өзіндік мәдениет деңгейі, моральдық құндылық, моральдық көзқарас, мінез-құлық ережесі қалыптаса бастады. Сондай-ақ, виртуалды орта

көпшілікке мүлдем жаңа мүмкіндік ұсынады. Әлеуметтік желіні тұтынушылар кәсіби БАҚ-тың ақпараттық үстемдігі кезіндегідей, оларға ұсынылған мазмұнды тұтынып қана қоймайды, сонымен бірге оны барлық қызметтің едәуір санының арқасында қалыптастырады. Бұл, ең алдымен, әлеуметтік желіде түрлі хабарлама, жазба, жарияланым, аудио және бейнематериал жасау арқылы жүзеге асырылады.

Автор әлемдегі ең танымал деген әлеуметтік желінің (Facebook) ақпараттық-коммуникациялық мәдениетін зерттей отырып, желідегі коммуникацияның қауіпсіздігіне оң және теріс әсер ететін негізгі проблема-

лық мәселені де нақты атап көрсеткен. Әлеуметтік желінің негізгі проблемалық түйінді коммуникация тұрғысынан сөйлеу агрессиясының басым жоғары деңгейі болып табылатыны да кеңінен сөз болады. Мәселен, оқу құралында автор пайдаланушылар әлеуметтік желідегі байланыс үдерісінде жалпы қабылданған коммуникация мәдениетін бұзатыны, бұл жалпы әлеуметтік медианың жұмыс жасау ерекшелігіне де, әрбір пайдаланушыға да байланысты екендігіне тоқтала отырып, мәселенің мәнісін нақты мысалдар негізінде сараптайды. Троллинг, сұхбаттасушының сөз төркінін саналы түрде дұрыс түсінбеуі, жеке хабарламаға да, көпшілікке жарияланған жазбаға да жауап бермеуі, сұхбаттасушының басқаны қабылдамауы, пікір секілді негізгі факторларға жігі назар аударып, әр тетіктің зерттеу нысаны екендігіне мән береді.

Әлеуметтік желідегі қарым-қатынас сипаттамасы жан-жақты қамтылған. Атап айтқанда, қарым-қатынастың мақсаты мен мотиві туралы түсінікке, коммуникативтік стратегия және пайдаланушылардың тактикасы, сондай-ақ, жұмыс істеу ерекшелігі, желілік байланыс жағдайындағы тілдік қолданыс мәселелерге де айрықша тоқталған. Мәселен:

– әлеуметтік желідегі коммуникацияның мәнін ашып, қарым-қатынастың басқа да түріне (дәстүрлі және виртуалды) сипаттама берілген;

– әлеуметтік желіні коммуникацияның ерекше кеңістігі ретінде сипаттап көрсеткен;

– коммуникация арқылы танымалдылықтың себебін прагматикалық тұрғыдан түсіндірген;

– әлеуметтік желідегі байланыс қажеттілігін қандай тілдік құралдың көмегімен жүзеге асыратынын мысалмен көрсеткен;

– пайдаланушылардың әлеуметтік сөйлеу мәдениеті мен мінез-құлқының ерекшелігі бойынша стратегиясы мен тактикасын сипаттаған.

Автор әлеуметтік желіде бедел қалыптастырудың өзекті мәселесіне кеңірек тоқталып, алгоритмін де құрастырған. Оны нақты мысалмен дәлелдеп, теориялық және практикалық тұрғыдан талдау жүргізген. Кітап – болашақ журналистер үшін де, БАҚ қызметкерлері мен блогерлер үшін де құнды көмекші құрал.

Аида РАХЫМҚҰЛОВА,
«Ortalyq Qazaqstan»

Болашақ журналистерге бұндай кітаптар керек-ақ. Оның үстіне, дәстүрлі медиа (мерзімді басылымдар, радио, телевидение) мен заманауи медианың бәсекесі қызған бүгінгі заманда жас мамандардың дені интернет-журналистиканы таңдайтыны да шындық. Ал, оларға қажетті оқулықтар мен көмекші құралдардың тапшылығын қайда қоямыз? Болса да, қазақ тіліндегі оқулықтар жоқтың қасы. Қазақшасын таптым дегенің өзінде, олардың өзге тілден сөзсіз аударылған нұсқаларына кезігіп жатамыз. Осы тұрғыдан алғанда, әлеуметтік медианың қыр-сырын толық қамтыған Жанар Сембекқызының бұл еңбегі журналист мамандар даярлау саласына орасан олжа болып отыр.

Бүгінгі қоғам бірден екі тең кеңістікте, атап айтқанда, шынайы және виртуалды кеңістікте өмір сүруде. Әлеуметтік желіні қолданушылар өзара қарым-қатынас кезінде көбінесе мінез-құлық, сөйлеу және тілдік норманың, сондай-ақ, коммуникация мәдениетінің бұзылуына тап болып жатады. Сондықтан, қазіргі уақытта әлеуметтік желіні пайдаланушылардың ақпараттық-коммуникативтік мәдениетінің деңгейін арттыруға мүмкіндік беретін белгілі бір тетікті әзірлеу мәселесі өзекті болып тұрған-ды. «Журналистик



«Шежіре күніндегі» шаралар

Ұлыстың ұлы мерекесіне облыс тастүйін дайындығын аңғартуда. Түбі бір түркі жұрты тойлайтын өз Наурыз мейрамына орай, қалада бірқатар шаралар легі басталып та кетті.

Ерканат КЕНЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Мәселен, М.Әуезов атындағы орталық қалалық кітапхана академик Ә.Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің студенттерімен бірге «Наурыз – жаңару мерекесі» атты мерекелік шарасын өткізді. Онда 16 наурыз «Шежіре күніне» арнап, Қарағанды филармониясының ардагері, домбырашы Тұңғышбай Игенбеков қазақ күйлерінің тарихын жастарға баяндап, нақышына келтіріп орындады.

Мұнымен қатар, «Нұрби» балалар мен жасөспірімдер клубында аула тұрғындары үшін кезекті мерекелік бағдарлама өтті. Іс-шараның негізгі мақсаты – ұлттық мерекенің маңызын өскелең ұрпақ пен жастарға насихаттау, тәрбиелік мәнін арттыру, халықтың бос уақытын тиімді ұйымдастыру. Аталмыш іс-шараны Майқұдық балалар мен жасөспірімдер клубтарының жеткіншектері дайындады. «Нұрби» аула клубы хореографиялық ұжым балалары қонақтар мен тұрғындарға көктемгі көңіл күй сыйлай білді. Мерекелік іс-шарада би нөмірлері мен әндер орындалды. «Жұлдыз» және «Мұрат» аула клубтарының тақырыптық көрмесі сәтті рәсімделген. Сондай-ақ, қазақ халқының салт-дәстүрлерінің бірі «Тұсау кесу» дәстүрі көрсетілді. Шара барысында клубта және аулада «Жастар», «Арман», «Мұрат»,



«Аққу» аула клубтарының балаларына арналған ұлттық ойындар (асық ату, тоғызқұмалақ, қол күресі, аударыспақ, арқан тарту) өтті.

– Тағылымы мол мерекені ойдағыдай өткеру балалар мен ересектерге тәлім. Осы арқылы жастар арасында Наурыз мерекесінің қазақ халқының ұлттық дәстүрлерін, әдет-ғұрыптарын, мәдениетін кеңінен насихаттауға, – деп хабарлады ұйымдастырушылар.



Сонымен қатар, Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мейрамы туралы мағлұмат беру, халқымыздың салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, мәдениетін, тарихын насихаттау мақсатында «Қазақ аналары – дәстүрге жол», «Наурыз – балалар мерекесі» атты шаралар өткізді. Салт-дәстүр дәріптелген мерекелік кеште төл мәдениетіміздің мән-мағынасын түсіндіру арқылы жас жеткіншектерді бір серпілтіп, оларды кәдесыйлықтармен марапаттады.

Челленджде күмбірлеген күй



Наурыз мерекесіне орай ұйымдастырылған акция аясында еліміздегі барлық мектептерде, колледждерде және қосымша білім беру ұйымдарында қазақ күйлері бір уақытта ойналды. Қарағанды облысында Ұлттық челленджте 10 мың оқушы қатысты. Олар Құрманғазының «Балбырауын», «Сарыарқа» және Әбдімомын Желдібаевтың «Ерке сыйлым» күйін орындады.

Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Наурыз мейрамына арналған Ұлттық челленджте кенді өлкенің Абай атындағы мектеп-гимназиясы да қатысты.

– Мектеп-гимназия ашығалы бері «Домбыра дастан» жобасы аясында «Үкілі домбыра» домбырашылар ансамблі жұмыс істейді. Оған жалпы 300-ге жуық бала қатысады. Мен өзім 10 жасымнан бастап домбырада ойнаймын. Арнайы білім алдым, түрлі республикалық және халықаралық байқаулардың лауреатымын. Бүгінгі таңда балалардың домбыраға деген қызығушылығы жоғары. Біздің мақсатымыз – олардың ұлттық аспапқа деген сүйіспеншілігін арттыру.

Бүгін барлығы 40-қа жуық адам қатысты, арасында ата-аналар да, мұғалімдер де бар. Ең кішісі – 7 жаста, ең үлкені – 62-де, – деді бастауыш сынып мұғалімі және Абай атындағы мектеп-гимназиясының домбыра үйірмесінің жетекшісі Арайлым Кәріева.

Музыкалық челлендж өскелең ұрпақтың бойында рухани-адамгершілік мәдениет пен патриоттық сезімдерді тәрбиелеуге, мәдени мұраны сақтауға, балалар арасында ұлттық дәстүрді, құндылықты насихаттауға бағытталған.

– Мен 10-сыныпта оқимын, 4-сыныптан бастап домбырамен айналысамын. Оннан астам күй үйірдім. Челленждерде ойнау өте қиын әрі жауапты, бірақ мұндай іс-шаралар адам бойындағы патриотизм сезімін нығайтады, – деді Абай атындағы мектеп-гимназияның 10-сынып оқушысы Еркежан Жақып.

● ӨҢІРЛЕРДІ ДАМУ

Медициналық нысандар бой көтереді

Аймақта «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында екі жыл ішінде 92 медициналық-санитарлық нысан салынады. «Дипломмен ауылға» бағдарламасы бойынша 69 медицина қызметкерін жұмысқа шақыру жоспарланып отыр.

Сағыныш ӘБІЛ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Осы мерзім ішінде аудандарда 11 отбасылық-дәрігерлік амбулатория, 34 фельдшерлік-акушерлік және 47 медициналық нысан бой көтереді. Бүгінде 14 фельдшерлік-амбулаториялық пункт құрылысының жобалық-сметалық құжаты мен мемлекеттік сараптаманың қорытындысы дайын. Республикалық бюджет комиссиясы біздің өтінімімізді қолдады, – деді облыс әкімі Ермағамбет Бөлекпаев.

Мамандарға баспана беріліп, әлеу-

меттік қолдау көрсетіледі. Ауыл тұрғындарына шұғыл әрі сапалы медициналық көмек көрсетудің де маңызы зор.

«Сонымен қатар, Теміртау, Балқаштағы медициналық мекемелердің базасында көпбейінді орталық аудандық ауруханалар ашылады. Және олар бірнеше аудандың халқына қызмет көрсетеді. Мәселен, Балқаш ауруханасы республикалық тас жолдың бойында орналасқандықтан онда, Приозерск, Ақтоғай, Шет аудандарының тұрғындары емделетін болады. Ал, Теміртау ауруханасы Ақтау кенті, Осакаров, Нұра және Бұқар жырау аудандарының халқына қызмет көрсетеді, – деп толықтырды аймақ басшысы.

Жаңа қоғамға жаңа мұғалім келді

(Соңы. Басы 1-бетте)

Педагог-кәсіби бағдар беруші өз қызметін осы оқу жылынан бастады. Мұндай мұғалім оқушыларға мамандықты дұрыс таңдауына бағыт-бағдар береді. Біз қазіргі кезде педагог-профориентатормен бірлесіп жұмыс жасаймыз. Гимназияда 2226 оқушы бар. Менің ойымша, оқушылары көп мектептерге бір ғана кәсіби бағдар беруші мұғалім жеткіліксіз деп ойлаймын, – деді Айқұмис Бейсембина.

Педагогтің айтуынша, кәсіби бағдар беруші мұғалімнің жұмысы өте көп. Әл-Фараби атындағы мектеп-гимназияда 7-11 сынып оқушыларына көрме ұйымдастырылып, өңірдегі колледждер мен жоғары оқу орындарынан арнайы мамандар келіп, оқу орнында оқытылатын мамандықтар жайлы ақпарат береді екен. Мұндай көрме өңірдегі мектептердің көпшілігінде өтетіні белгілі.

Ал, еліміздегі Назарбаев Зияткерлік мектептердің барлығында кәсіби бағдар бе-

руші маман оқу орны ашығалы бері жұмыс істейді. Мәселен, Қарағандыдағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің ашылғанына 10 жыл болса, демеу 10 жылдан бері мұндай мамандар оқушыларға кәсіптік бағдар беріп, оқушылардың оқуға түсіне сеп болып келеді деген сөз. Зияткерлік мектеп оқушыларды мамандыққа қалай баулитыны туралы НЗМ-нің кәсіби бағдар беру кәсіпшісі Диас Кабденовтен сұрап білдік:

– Жалпы білім беретін мектептерде қажеттілік туындаған соң биылдан бастап енгізілгенге ұқсайды. Кәсіби бағдар беруші мамандар тек оқушылармен ғана емес, мұғалімдермен, ата-аналармен, оқу орындарымен де тығыз жұмыс жасайды. Түрлі іс-шаралар, кездесулер жоспарға сай өткізіліп отырады. НЗМ-де жазды күндері өткізілетін «Жазғы әлеуметтік практика» деген жоба бар. 7-8 сынып оқушылары ата-анасының жұмысында 1 күн өткізуі керек. Ал, 9-10 сынып оқушылары 10 күн бойы ата-анасының жұмыс орнымен таны-

сады. Одан басқа жоғары оқу орындарынан арнайы мамандарды, университет ғалымдарын кездесуге шақырамыз. Жуық арада «Kaz Apen» ЖШС компаниясынан диспетчерлер, медиа қызметкерлер, радиотехника мамандары келді. Олар мамандықтары жайлы, оқуға қалай түсу қажеттігі туралы оқушыларға бағыт-бағдар берді.

Одан бөлек, Ресейдің profguide.io және шетелдік planitplus.net платформалары, қазақстандық edunavigator.kz ақпараттық жүйесі оқушылардың қызығушылығын анықтауға, мамандық таңдауына көмектеседі. Қазақстанның жоғары оқу орындарында қандай мамандықтар оқытатынын univision.kz сайтынан білуге болады, – деді Диас Ахатұлы.

Иә, оң-солын танып үлгермеген оқушыға болашақ мамандығын таңдауда жөн сілтейтін пәннің болғаны жақсы. Мамандығына адал болғандардың арқасында ел өркендейді. Тек таңдаудан қателеспесе, болғаны...

• БҰҚАР ЖЫРАУ ҚАЛҚАМАНҰЛЫНЫҢ ТУҒАНЫНА – 355 ЖЫЛ

Ұлы жырау болмысындағы рух

XVIII ғасырда Бұқар жырау жырларымен, XIX ғасырда Абай һәкім өлеңдерімен қазақ халқының даналығын, биік рухын көрер көзге көрсетіп, естір құлаққа естіртіп, сезер сезімге сездіріп кетті. Осы құнды дүниені адамзатқа, ғаламшарға, шексіз ғарышқа шашу қылып шашуымыз керек-ақ! Енді, Бұқар жырау шығармашылығына төмендегі авторлардың еңбектеріне сүйене отырып, тоқталып өтейін. XX ғасырдың тарихи биігінен «Бұқар жырау және Абай» мәселесін зерттеу – әдебиеттанушы ғалымдардың кезек күттірмейтін міндеті. Шын мәнінде де Бұқар жыраудан Абайға тартылған даңғыл жол сайрап жатыр. Екі дананың бірі елінің шетін жау ойрандап, отаршылық бұғалығы мойнына түскен кезеңде, екіншісі – орыс империясының отаршы саясаты қазақ сахарасында ден алған шақта өмір сүрді. Ұлы жырау, ұлы ақын шығармашылығында тебіреніске түскен негізгі мәселе – ел тағдыры, халық тағдырына байланысты тарихты екі ғасырға әрі қарай жылжытты.

Бұқар жырауды кейбір зерттеушілер Демосфендермен теңейді. Сөз жоқ. Демосфен – ғұлама философ, ойшыл. Бірақ, дана Бұқар тұлғасы Демосфендерден әлдеқайда жоғары. Демосфен және оның әріптестері қара сөздің шешендірі. Ал, Бұқар жырау болса, поэзия дүлдүлі, шешендікті көсемдікке ұластырған жан. Ол өткенді саралап, бүгінгіні дараалап, болашақты аралаған көріпкел. Қара сөзден поэзия пәрмені, әзіз көсемдік бір саты биік, екі есе көркемдік бояуы қаныққан. Сондықтан, алып бөйтеректегі Бұқар жыраудың жапырағы Демосфеннің жапырағынан жоғарырақ нотада жырлайды.


Мәшһүр Жүсіптің төрт томдық «Мес» деп аталатын қолжазбасының бірінші томында Бұқар жырау туралы: «Абылай ханның заманында Төртуыл, Қаржас, Алтын-торы Қалқаман батырдың баласы Бұқар жырау деген қария болған екен. Заманындағы сыншылар ол кісіні «Көмекей әулие» дейді екен. Көмекей бүлкілдеп сөйлейді екен. Қара сөз жоқ, аузынан шыққан сөзінің бәрі жырлаумен шығады екен!» – дейді. Шежірені бұдан тереңірек тәптіштеп таратсақ: Арғыннан – Қодан, одан – Дайырқожа (Ақжол), одан – Қара (Қарақожа), одан – Мейрамсопы, одан Сүйіндік, одан – Қаржас, одан – Алтынторы, Қулеке, Бегім. Атынторыдан – Мәмбетәлі, Жолымбет – Келімбет, Бегімбет, Артық. Жолымбеттен – Қойсары, Қалқаман, Рымбет, Назар. Қалқаманнан – Бұқар жырау. Бұқардың да үрім-бұтағы аз емес, бұлардың көбі сол Бұқар жырау дүниеге келген атамекенді қоныстауда. Құнарлы топыраққа, тектіден текті туады, ата-бабалардың жолын қуады, жанұялық жотадан асып, тауға қарап қолданады, аспанға кең құшағын жайып сомданады, бара-бара даралықтың, даналықтың соқпағына түседі. Халқының мұқтажына, одан асып,

адамзаттық мәселелерді оңтайлы шешуге күш-жігерін жұмсайды. Ш.Уәлихановтың «Көмекей әулие» атанған Бұқар жыраудың шығармашылық өмірбаянына қатысты ой-пікірлері де тарихилығымен құнды. Бұқар жырау ұзақ ғұмыр кешкен, тоғыз ханның заманында өмір сүрген, көпті көрген. Бұл орайда Шоқан Уәлиханов Бұқар жырау 1668 жылы дүниеге келгенін ашып, 1781 жылы көз жұмғанын келтіреді. «Абылай ханның тұсында ол мемлекет жұмысына қайта араласып, ханның бас ақылшысы, ықпалды биі ретінде ел өміріндегі ірі-ірі істерге байланысты мәселелерді шешуге, түйінді байламдарды айтуға қатысқан. Бұқар жырау арабша сауатты, өз заманының ілім-білімдер адамдарының бірі болғаны белгілі» – деп жазады. Яғни, Бұқар жырау 113 жыл жасап, 13 жасынан ел-жұрт ісіне араласып, мемлекет деңгейіндегі мәселелерді шешуге өте белсенді араласқан деуге болады. «Білекті – бірді, білімді – мыңды жығады» дегеніміз осы. Білімге ерекше дарынды қоссаңыз – дала академігі – деген тұжырым тұжырым шығады. «Дала академігі» дегеніңіз – философ, физика-астрономияға дейінгі шексіздік әлеміне қос қанатын кеңінен жая алатын қабілет.

Нұрлан Дулатбековтің редакторлығымен жарық көрген «Бұқар жырау» энциклопедиясы мені қатты толғандырды, кітапқа деген құмарлығымды шексіз даридай толқытты. Сәбит Мұқанов, Манаш Қозыбаев, Мұхамедрахым Жар-Мұхамедұлы, Мұхтар Мағауин, Серік Негимов, Мақсат Алпысбестердің Бұқар бабамыз туралы ой-толғамы олар туралы білім-ғылымды атап айтарлықтай жаңғыртты. Өз кітапқа не жетеді?! Рахат дүниенің, ұжмақтың төрінде білім-ғылымға сусындап отырғандай күйге енесің, екі дүниенің таусылмастай

байлығын сезінесің. Бұқар жырау мұрасын жинауда, жариялауда және зерттеуде Мәшһүр Жүсіп Көпеев, Қ.Халид, Г.Потанин, Ш.Уәлиханов, М.Әуезов, С.Сейфуллин, С.Мұқанов, Қ.Жұмалиев, Қ.Мұхамбетханов, М.Мағауин, Р.Сыздықова тәрізді ұлт зиялылары еңбек сіңірді. Әдебиеттанушылар Бұқар жырау толғауларының жазба әдебиетке тән сипат белгілерін, атап айтқанда, әлеуметшілдік сарының, азаматтық нысанасын, сондай-ақ, жыраудың даралық өзгешеліктерін жан-жақты талдаса (М.Әуезов), екіншілері өмірі мен шығармашылығына ден қойды (С.Мұқанов, Қ.Жұмалиев, Қ.Мұхамедханов), соңғылары жыраудың тілі мен стилін қарастырды (Р.Сыздықова) жыраудың поэзияның жолы басқа, көтерер жүгі тарих ғылымының бір жуан бұтағындай болып, көрер көзге көрінеді. Бұл кісілердің телегей-теніздей еңбегінен тарихи, әдеби, рух рауанының ләпші ләззатын аламыз!

Жыраулық поэзияға зер қойсақ, мына толғаулар жадымызда жаңғырады: Асан қайғы, Қазтуған, Шалқияз, Жиенбет, Ақтамберді, ал Бұқардан кейінгілер Шал, Көтеш, Махамбет. Қисапсыз қаһармандыққа зер тастасақ, ойымызға мына батырлар тізбегі түседі: Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Қаздауысты Қазыбек, Шақшақұлы Жәнібек... Осы тұста Бұқар жырау есіміне іргелес тоғыз хан сөзіміздің өзегіне айналуы да заңды: аз Тауке, Қайып, Болат, Сәмеке, Әбілмәмбет, Күшін, Әбілқайыр, Барақ, Абылай. Абылай 48 жыл бойы қазақтың бас ханы болған. Әр хан өз мүмкіндігіне қарай қазақтың жері үшін, елі үшін еңбегін сіңірді, жаны Отаны үшін қиюға арқашан дайын тұрды. Кез келген бас бақтырып, биі, ханның өзімізге өнеге тұтамыз – өлшемдік таразысының оң табағын басып тұратын титан



шарындай тартымды салмағын сансыз көпшілікке үлгілейміз. Бұқар жырау толғауларында ұлттық сана-сезім, рухты күрескерлік, әлеуметтік сарын, философиялық дүниетаным, азаматтық әуен өз орнын тапқан. Озық ойлы Бұқарды мемлекет тағдыры мен мәртебесі, кемелденуі мен келешегі, тұтастығы мен бірлігі өте қатты алаңдатады. Бұл толғақтың мәселелер өз күш-қуатын бүгінгі күні де жойған жоқ. Бұқар бабаның айтқандарының су бетіндегісін ғана топпылаймыз, ал сол мұхиттың астындағы айсбергтің 97%-дық қағидасы бізге беймәлім болып қала беретіндігі көрінеді. «Сөйлей-сөйлей шешен, көре-көре көсем боласың» демекші, оқи-оқи оқымысты, тоқитки тақпа боласың дегім келеді. Бұқар жырау бабамыздың хатқа түспей қалған толғаулары «Мен қазакпын! Мен мұсылманмын! Мен адаммын!» деген кісілерді толғандырмай қоймайды. Ондай адамдардың қиялы аспан көгіне ұшады. Су тұңғығына түседі, ой-зердені қанаттандырады. Замана ағымын болжап, көріп-келдік жасап, тұла бойы синкреттік өнерге тұнған, сөз сөйлесе, таудың суындай төгілген шешен, ой ойласа, алысты болжайтын

көріпкел көсем, халқының рухани әлемінің тамырына айналған бірегей болат тұяқ кеменгер тұлға, Бұқар жырау, абыздық деңгейге жетті. Абыз – көпті көрген, ұзақ жасаған қазыналы қария, көп болмысты білетін адам, сондай-ақ, жұлдыз санаушы, ақылман, сәуегей, көріпкел, есепші, шешен. Абыздық – дәстүр білім мектебі, рухани құндылық өзегіне айналған ерекше бір құбылыс. Абыздық мектебінен өткен адам тұманды күні де, жұлдызсыз түні де, табиғаттың үнін естіп, межелі жеріне, ежелгі беліне, шаршап-шалдықпай, бұраланды жолда адаспай, жайма-шуақ көңілде жетеді, жеңістің жұлдызды тойларын жарқыратып тамашалайды. Өз Жәнібек заманында ханның абызы – Асан қайғы. Асан қайғы абыздың дәстүрін жалғастырушы – Абылай хан заманының абызы Бұқар жырау. Бұқар жыраудан кейін, хандық биліктің заманы өтіп, ел билеу жүйесі отаршылдық қалыпқа түскен соң, қасиетті, ақыл-гөй, өнерпаз, болжағыш, көріпкел абыздар мына адамдар: Мұрат Мөңкеұлы, Дулат Бабабайұлы, Шортанбай Қанайұлы, Мәшһүр Жүсіп. Бұлар болғанымен, олардың аз Жәнібегі, хан Абылайы болмады ғой. Қоғам дамуына ке-

лесі сатысына, «уақыт төрешінің» үкімімен өтіп кетті. Бұл қоғам дамуының, прогрестік көзқарастың бір заңы, бүкіл әлемдік деңгейдегі саяси, экономикалық, әлеуметтік құбылыстардың өзара байланысынан туындайтын тотем, тыңға шығу, алға басу локомотивінің күш-қуаты. Біршама тарихи құжатқа үңіліп, қазыналы қариялардың айтқан әздастандарына ден қойып, жыраулар тарихын зерделеп, Бұқар жырау жайлы өз түйгенімді жаздым.

Бұқар жыраудың сүйегі жатқан жерді анықтап, ең алғаш оның басына белгітас қойған Мәшһүр Жүсіп. Бұқар жыраудың, Мұса Шорманұлының және Мәшһүр Жүсіптің басына әдейілеп барып, Құран бағыштағанға ұлы Жаратушыға шүкіршілік-ризалығымды білдіремін. Жырау шығармаларының тақырыптық аясы, шеңбері – жақсылық пен жамандық, елдік пен ерлік, ізгілік пен зұлымдық, әділдік пен әдептілік, жастық пен көрілік, татулық пен арастық, достық пен дұшпандық, адалдық пен арамдық, тектілік пен азғындық, тұтастық пен бірлік... «Бұқарекен сөйлеген уақытында сөзі мұндай жүз есе, мың есе шығар. Бізге келіп жеткен тамыры ғана. Бұл кісінің сөзін түгел жазамын деушіге Нұқтың өмірі, Айыптың сабыры, Аллатоның ақылы керек», – деп жазды жыраудың тұңғыш библиографы Мәшһүр Жүсіп Көпеев. Ұлттық кодымыз әл-Фарабидің, Бұқар жыраудың, Абай һәкімінің, Мәшһүр Жүсіптің болмысында мөлдіреген судың айшықты тамшысындай тұнып тұр. Қазақ халқына ғана емес, емен тамырлы тұранға да, қала берді барша адамзатқа қызмет қылуға құлшынып, сұранып, тұмарланып тұр. Өз дамуының ұзақ ғұмырында қазақ халқы небір жаугершілік пен отаршылдықтың көкесін көрсе де, руханы байлығын жоғалтпай, үздік жан қазынасын сұнаған сөз, сұмаң қолдан сақтап қалды, сақтай да береді. Ұлы бабалар көз жұмғалы бері қазақ дала-сында қаншама оқиға болып, оның төл халқы өлшеусіз құндылықтар мен қасіретті қан кешулер, қаралы да жаралы жылдар арқылы сан өткелдерден өтті. Адамзаттың асыл мұрадарындағы ең қажетті бірлік пен тірілік, ынтымақ пен тұтастыққа шақырған үн құлағымызға жетіп тұрғандай әсерде, басымызды биік көтеріп жүрміз!

Мақсұтжан АҚЫШТЕГІ,
ұстаз, өлкетанушы

• ОБЛЫСТЫҚ ОНОМАСТИКАЛЫҚ КОМИССИЯ НАЗАРЫНА!

Маркс Нұрмақовқа жол берсе...

Әлихан Бөкейхан – Алаш және азаттық идеясының ұйытқысы болса, Нығмет Нұрмақов – еліміздегі қоғамдық институттардың негізін қалаушы бірегей тұлға. Бүгін Нығмет Нұрмақовтың есімін ұлықтау жөнінде айтпақпыз. Нақтыласақ, Қарағанды қаласы, Әлихан Бөкейхан ауданының орталығы Майқұдықтағы күре жол, К.Маркс-Магнитогорск көшесіне Нығмет Нұрмақовтың есімін беруді ұсынамыз. Бұл маңызды мәселені қолға алуға бірнеше себеп түрткі болып отыр. Ендеше, тарқатайық...

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Нығмет Нұрмақовтың атқарған қызметі мен басынан кешкен қиы тағдырына тоқталайық. Н.Нұрмақов – 1915-1918 жылдары қарапайым мектеп мұғалімі, Қарқаралы Кеңесі хатшысы, 1919-1922 жылдар аралығында – Қарқаралы уезі революциялық комитеті, уездік атқару комитеті мүшесі, бөлім менгерушісі, Семей губерниялық әскери революциялық комитет мүшесі, Семей губерниялық атқару комитеті Президиумы мүшесі және хатшысы болған. Ал, 1922 жылы «Қазақ тілі» газетінің редакторы, 1921-1923 жылдары бар-жоғы 26 жасында ҚАКСР Жоғарғы революция трибуналының төрағасы қызметін атқарады. 1923 жылдың мамырынан 1924 жылдың қыркүйегіне дейін ҚАКСР Әділет халқымы әрі прокуроры, «Қызыл Қазақстан» журналының редакторы, БК(б)П Қазөлкеком үгіт-насихат бөлімінің менгерушісі болыпты. 1924 жылдың қыркүйегінен ҚАКСР Халқомкесесі төрағасының орынбасары, осы жылдың қарашасынан 1929 жылдың сәуіріне дейін Төрағасы, 1931-1937 жылдары бүкілресейлік ОАК Президиумының ұлттар бөлімі менгерушісі қызметтерін абыроймен атқарды. Қысқа ғана ғұмырында қандай қызмет атқарса да адалдықтан, адамдыктан

айнымаған. Мәскеуде қызметте жүргенде де аз ұлттардың ертеніп ойлап, оларды біріктіріп, өсіп-өнуіне баса назар аударуы оның адамзаттық деңгейде ойлай алатын біртуар азамат екендігінен хабар береді. Қара басына қатер төнсе де, халықты ойлай алатын мұндай азаматтардың атын көшеге ғана емес, ауданға, қалаға берсе де, көптік қылмайды. Қазақ КСР Халық Комиссарлары кеңесінің төрағасы болған ірі мемлекет қайраткері Сәкен Сейфуллин 1924 жылы Үкімет башылығынан кетерде орнына Нығмет Нұрмақовты ұсынуы, оның халқына адал қызмет ететін қарым-қабілетіне селкеусіз сенімінің айғағы болса керек. Қазір Нығмет Нұрмақовтың есімі Алматы, Қызылорда, Қарқаралыда көшелер мен мектептерге беріліп, Алматыда тұрған үйінің қабырғасына ескерткіш тақта орнатылған. 1994 жылы 19 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Министрлер кабинеті №1424 «Көрнекті мемлекет қайраткері Н.Нұрмақовты мәңгілік есте қалдыру туралы» қаулы қабылдаған. Қаулының бірінші тармағында: «Қарағанды қаласының бір көшесіне Н.Нұрмақов есімі берілісін» деп жазылған. Үкіметтің осы Қаулысына сәйкес, сол кездегі облыс әкімі П.Нефедов 1995 жылы 3 наурызда әкімдіктің №43 Қаулысына қол қояды. Қаулыда: «Қарағанды

қаласының Әкімшілігі Н.Нұрмақовтың мемориалдық тақтасын дайындап, оны №2 мектеп-интернатқа орнатуға қаржы қарастырып, Қарағанды қаласының жаңа көшелерінің біріне оның аты берілісін» – деп көрсетілген. №2 мектеп-интернатқа Н.Нұрмақов аты берілді. Қаулыда «Қарағанды қаласының жаңа көшелерінің біріне оның аты берілісін» – деп анық жазылса да, Н.Нұрмақовтың аты қаламың ең шеткі аумағындағы 28 көлемешік үй орналасқан ұзындығы 1,5 шақырым, бұралаң көшелерге беріліпті.



Көшенің жайы туралы жазбақ түгіл айтуға ұят. Осындай көшеге Н.Нұрмақовтай ұлт тарихында ерекше орны бар көрнекті тұлғаның атын беру ел намысын былай қойғанда ұлттық намысымыз үшін үлкен сын. Көше тұрғындарынан сұрастырып көргенімізде орыс ұлты өкілдерінің: «улицу Нурмакова не знаем, но есть улица «Ермакова» деген жауабын естідік. Осы Қаулыдан кейін де Қарағанды шаһары қанатын кенге жайды. Тұрғын үй құрылыстары аса қарқынмен жүргізілді. Көптеген

жаңа көше пайда болды. Алайда, сол қаптаған көшенің біреуі де Нығмет Нұрмақовқа бұйырмады. Ал, 2021-2022 жылдары облыс, қала мәслихаттары мен әкімдіктерінің «Октябрь» ауданына «Алаш Орда» Үкіметінің тұңғыш төрағасы Әлихан Бөкейхановтың атын беру туралы бастамасының қала тұрғындары тарапынан қызу қолдау тауып, оны республика ономастика комитетінің қолдап, бекітіруі тарихи оқиға болды. Ендігі кезек – Нығмет Нұрмақовта. Жоғарыда айтқанымыздай, Май-

Нығмет Нұрмақов Кеңес үкімет кезінде адамзат санасына, өркениет өресіне сиятындай тергеу, сот жүргізілмей, үштіктің үкімімен Мәскеудің Бутырка түрмесінде 1937 жылы 27 қыркүйекте бір күнде атылды. Алаштың арыс ұлдарының сүйектері (күлі) РФ астанасындағы Дон монастырі қабірстанында №1 ортақ қабірде жатқаны бертіңде ғана белгілі болды. Баршаға мәлім, қуғын-сүргін кезінде жазалау шаралары репрессияға ұшырағандардың барлық отбасы мүшелеріне қолданылды. Нығмет Нұрмақовтың 1867 жылы туған әкесі – Нұрмақ Тәукебаев та 70 жасында РСФСР Қылмыстық кодексінің 58-бабының 10-бөлімінің 1, 11 тармақтары бойынша ПХК-ның Қарағанды облысы үштігінің 1937 жылдың 8 қарашадағы үкімімен ату жазасына кесілді. Тіпті, Нығметтің ұлы Ноян Нұрмақовтың соғыста саперлік бөлімшеге жіберілуі де тұлғаның отбасына ғана емес, ұлтқа жалғандық екені анық. Тәуелсіздіктің 20 жылдық мерекесі қарсаңында ұлт көсемдерінің зираты басына алғашқылардың бірі болып келісті ескерткіш тақта орнатқан сол кезде Қарағанды «Болашақ» университетінің ректоры болған Нұрлан Дулатбеков елі. Қазіргі уақытта Н.Дулатбеков басқарып отырған Академик Е.Бөкетов атындағы университеттің тарих факультеті ғалым-оқытушылары ұлт мүддесінің, Алаш арыстары мұрасының жоқшысы болып, қыруар жұмыс атқарады. Біздің мақсат – көрнекті тарихи тұлға Нығмет Нұрмақовтың есімін оның туған елі, Қарағанды облысының орталығында лайықты мәңгі есте қалдыру. 2021 жылдан бері Астанамызда қырықтан астам көше-кыялыстың атауын өзгерту жүргізілуде. Соның арасында Нығмет Нұрмақов та бар. – Биыл ел азаттығы үшін күрес-

кен әкімдіктің туғанына 128 жыл толады. Ә.Бөкейханов пен Н.Нұрмақовтың бір күнде атылып, халқы үшін соққан жүректері бір сәтте тоқтап, екеуінің бірге бір қабірде жатқаны білеміз. Осыны ескеріп, ауданның бас көшесіне (К.Маркс-Магнитогорск) биылғы жылдың сәуір айының 25-і туған күніне орай Нығмет Нұрмақовтың есімі берілсе, аруағы да, ұрпақтары да, қала тұрғындары да риза болар еді, – дейді Н.Нұрмақовтың інісі Жәмедин ұлы, Ішкі істер министрлігінің Құрметті ардагері Мұқан Нұрмақов. Әлихан Бөкейхан өзі туған Арқа жерінде биікке көтерілді. Әлі алдымызды еңселі ескерткіш ою міндеті тұр. Ал, сол Әлихан Бөкейхан ауданының орталығы Майқұдықтың бас даңғылына Н.Нұрмақовтың есімін беру тарихи әділ шешім болар еді. Тірісінде де нық тіресе жүріп, Тәуелсіздік жолында құрбан болған қос тұлғаға бір жерден топырақ бұйырды. Енді, кейінгі ұрпағына да екеуінің айбатты есімі қатар аталып, рух беріп тұрса дейміз. Облыс әкімдігі осы бір маңызды мәселені шешімін табуына мұрындық болады деп сенеміз. Біздің сенім – халықтың сенімі. Халық – Құдайдың екінші аты. Елімізге танымал аймақтың бетке ұстар азаматтары облыстық әкімдікке жазған, 200-ге жуық адам аталған ұсынысты қолдаған хат бар. Ел бірауыздан қолдаған бастама оң шешімін тауып, Майқұдықтан қайраткердің туған жері Қарқаралы, Егіндібулаққа шығар күре жолға бастайтын ұзын көшеге (К.Маркс-Магнитогорск) Н.Нұрмақов есімі берілсе, өшкеніміз жанып, өлгеніміз тірілер еді. Октябрды – Әлихан, К.Маркс пен Магнитогорскіні – Нығмет ауыстырса, ештеңе жоғалтпаймыз. Керісінше, елдің енесі көтеріліп, тарихи сана жаңғырары сөзсіз!



• ЕҢБЕК АДАМЫ

«Біздің сүйікті дәрігер»

Жылына 300-ден астам түрлі операция жасайтын хирург 40 жылғы еңбегінде орта есеппен 12 мың адамды ажал тырнағынан арашалап алып қалған екен. Бұл – нақты есеп емес, жай орташа дерек қана. Кейде тәулігіне – 3 ота. 24 сағат бойы үй бетін көрмеген күндері де бар. Жедел жәрдем сан мың рет алып кетіп, дереу ота жасаған түндері қаншама?! Бір адамды аман сақтау үшін 5-6 сағат тізе бүкпей, тер моншақтап шыққан кезеңдер ше?! Өте көп. Бүкіл саналы ғұмыры солай өтіпті. Оған өзі ешқашан өкінген емес. Өкінбейді де. Бұл – хирург Қайрат Түгелбаевтың дәрігерлік еңбек жолынан үзік сыр.

Қызғалдақ АСҚАРҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Адам өз мамандығын шексіз сүйгенде, әрі оған қалтқысыз құлай берілгенде ғана көркем дүние шығады. Жан-тәнімен, жүйке-жұлынмен мамандығына адалдық һәм адамдық танытқан алдыңғы толқын ағалар әлі де бар. Кейде сондай кісілерді көргенде, жалпақ жұртқа «Міне, адамдықтың эталоны мынадай!» деп, көрмеге қойғыңыз-ақ келеді. Әрине, оны ұғар ел болса. Қайрат Оғисаұлымен тілдесіп, сөйлескенде де осы ой шақша басқа сан келіп, сан кеткені рас-ты.

Дәуірінде атағы аспандап тұрған Қарағанды медицина институтына дәрігер атану арманы жетектеп әкелген жас жігіттің жолына Жаратқан жар болса, қос қолына Құдай қуат берген екен. Қырық жыл бойы дәрігерлік антына адал болды. Өлі де айныған жоқ.

Негізі, хирург дипломын алғаннан бергі өмірі жайлы, өзі жайлы айтуға Қайрат Оғисаұлы сараң. Айтары жоқтықтан емес, әрине. Тек аса мақтан мен мадаққа әуес еместіктен. Өйткені, адамға жасаған жақсылығын сатпайтын, оны бір өлшемге салмайтын өзгеше, болмысы бөлек жан. Оны бір көрген адам аңғармай тұра алмайды. «Мен тек қана өз міндетімді

орындадым» дейді ақырын жымыш.


– Ауылдық жерде дәрігердің қаттығын көріп өстім. Әкем ауырып, ауруханаға апарғанда көңілімнің түпкірінде адамзаттың жаны мен тәнін емдейтін «дәрігер боламын» деген арман қол бұлғап шыға келген-ді жас күнімде. Бірақ мектеп бітірген соң ауылда еңбек етіп, одан соң әскер қатарында Отан алдындағы азаматтық борышымды өткердім. Содан соң барып, Қарағанды медицина институтына баруға бел будым. Құдай сәтін салды, жолым болды. Ол кезде Қарағанды медицинасының атағы қандай еді?! Даңқты Петр Моисеевич Поспеловтан, Сергей Лохвицкийден және өзге де Қарағанды медицинасының бастауында тұрған жағап ғалымдардан білім алдық, – дейді Қайрат Оғисаұлы.

Білікті дәрігер атануына осы ұстаздарының еңбегі зор екенін айтады. Олардың сол уақытта студентке ынтасымен барын үйреткені, білмейтінін түсіндіруге ұмтылыстарын ерекше ықыласпен әңгімелейді. Оқытудың сол уақыттағы әдіс-тәсілі қазіргі ақпараттық технология заманындағы амал шарғылардан әлдеқайда тиімді әрі өтімді екенін де жасырмайды.

– Бізді кәдімгідей академиктермен кездестіріп, олардың сырқатын көзбен көріп, сезінуге

үйрететін. Мысалы, жүрек ауруының соғысын біз пластинкамен тындайтын едік. Содан соң ауруханадағы науқастарға апарып, дәл сондай жүрек ауруы бар емделушінің жүрек соғысына құлақ салып, баға беретінбіз. Осындай

бөпші қылатын секілді. Бұқар жырау, Қарқаралы аудандарында жалғыз хирург ретінде түрлі ота жасауға тура келген күндер өтті. Жол үстінде апатқа түскендердің жанына Жасағаннан медет сұрап, дін аман отбасы, ошақ қасына қай-



тірі тәсілдер ғана нағыз білікті дәрігерді шығарады, – дейді ол.

Ақ халат киген дәрігердің адамзат өміріндегі орнын осы арада қайта қайталап, анықтап жатудың өзі артық. Десек те, кей адамның тағдыры қыл үстінде тұрғанда оның талқаны таусылмауына Жаратушы хирургты се-

та оралуына себепкер өзі екеніне ешқашан күпірлік қылып көрген емес.

Қайрат Оғисаұлы «жол апаты, өзгедей оқыс оқиғаларда, шұғыл операция жасау қажет. Ондайда ойлануға мұрағат жоқ. Жалғыз-ақ ой ғана санада жаңғырып тұрады. Ол – мына алдымыздағы адамды

қалай да аман сақтап қалу. «Мен анау ағзаға жасамаймын, мына органды білмеймін» дейтін емес. Хирург атанған 40 жылда жасамаған операциям жоқ екен», – деп еске алады. Кейде аяғы ауыр аналарға операция жасады. Ондайда талай сәбидің есімі азан шақырылып «Қайрат» қойылып кеткен екен. Қайрат Оғисаұлының құрметіне.

Бір кезде көлік апатынан бір аяғын тірідей жұлып әкеткен, қан көп жоғалтқан адамға аудан орталығында ота жасап, аман алып қалғаны бар. Мұны көрген профессор, атакты хирургтер таң тамаша қалысқан. Себебі мұндай ауыр жағдайдағы екі бірдей шоктағы науқастың тірі қалу үміті мүлде жоқ екен. Қайрат Оғисаұлы ол отаны сәтті өткерген.

Енді бірде көлік апатынан ішкі құрылысы, бауыры езілген, ішіне қан кетіп, қан жоғалтып, өлім мен өмірдің арасында жатқан адамды жеткізген ауруханаға. Сол арада басқа жақтан қан келгенше науқастың қанын жинап, өзіне қайта құйып, аман сақтап қалу да ерлікпен пара-пар емес пе?!

«Егер қан әкелсін деп күтсек, ол адамнан айырылып қалар едік» дейді Қайрат Оғисаұлы.

Хирургтың осындай ерен еңбегін көзбен көріп, көңіліне тоқыған шәкірттері аз емес. Аймақтың бірнеше аудан, қаласына көп шәкірт тәрбиеледі. Шәкірттерінің әрқайсысы осы күні бір-бір төбе. Еліміздің түпкір-түпкірінде.

Бұл күнде Қайрат Оғисаұлын өңір жұртшылығы жыға таниды. Емделуге келіп, кейіннен елгезек дәрігермен жора-жолдас болып кеткені қанша?! Тіпті, қолының шипасы тиген адамдардың көптігі сонша, барлығы бірдей есінде жоқ. Есесіне олардың есінде.

Кейде бір кездейсоқ жерде кездескенде көп адам өздеріне Қайрат Оғисаұлының сәтті ота жасағанын

айтатын кездер де жиі.

– Иә, кейде қонақта, той-томалақта емделген адамдар ұшырасып, алғыс айтатыны бар. «Есіңізде ме, маған сіз осындай операция жасадыңыз ғой» деп. Қайрат қарапайым ғой. Жәй күліп қояды. Алдынан неше емделуші өтеді. Әрине, бәрін бірдей ойда сақтау мүмкін емес қой. Алайда, халықтың сондай ыстық ықылас, пейілін көргенде, еңбегінің елегені деймін іштей, – дейді Құдай қосқан қосағы Заря Саркытбаева.

Қайрат Оғисаұлының жары Заряның анасы 93 жастағы әже де «Осы жасқа жеткенім, бірінші, Алла, екінші, осы Қайраттың арқасы» дейді.

– Қайратжанымың қолы жеңіл. Бүгін ота жасаса, ертесінде адамдар тұрып, жүріп кетеді, тіфай, тіфой! Мақтағаным емес, өзім ауруханада жатқанда талай адамның Қайратты іздеп келіп, отаны осы дәрігер жасасын деп есігінің алдында отырып алғанын көзіммен көрдім. Бұл операциядан шыққанша келісімін алғанша есігін күзетеді адамдар. Осы хирург жасасын деп табандап тұрып алады. Мұның бәрі Қайраттың қандай дәрігер екенінің көрсеткіші емей немене? Сонау Қарқаралы ауданында осы Қайраттың келуін күтіп жүретін адамдар бар. Балаларын осы Қайратқа сүндеттету үшін, – дейді қария.

Қайрат Оғисаұлының екі перзенті де өзінің жолын қуған. Ұлы Ислам – эпидемиолог. Қызы Толғанай – офтальмолог. Келіні де болашақ дәрігер. Дәрігерлер династиясына ұласып келеді.

Зейнетке Қарағанды облыстық медицина орталығынан шыққанымен, әлі күнге дейін әріптестері білікті дәрігерден қол үзгілері жоқ. Қайрат Оғисаұлы бүгінге дейін де ота жасап, елге қызмет етіп жүр. Білім біліктілігімен қатар, халқы кісілігіне тәнті...

• БҰҚАРАЛЫҚ СПОРТ

Жаттығу жан сергітеді

Ел арасында спортпен шұғылдану кейінгі жылдары қарқын алды. Қазір еңбектеген баладан еңкейген қарияға дейін спорттың сырын жете меңгерген десек те, айналысатындар аз. Адамның ауру-сырқау атаулыны жеңуінің төркінінде де шыдамдылықты шындайтын шымырлық жатыр. Қарапайым жаяу жүрудің өзі адам ағзасын өттегімен байытып, қан құрамын жақсартаын баршамыз біле бермейміз. Көпшілік спорт дегенді көбіне чемпиондармен өлшейді. Бұл – жансақ пікір. Спорттың өлшемі алтын алқа тағыну емес. Оның көкесегені – ұзақ әрі сау ғұмыр кешу. Ал, оған жалғыз кепілдік берер – спорт қана.

«Ұлт денсаулығын бекемдеу мәселесі де өте өзекті. Барлық жас санаттары арасында бұқаралық спорт түрлерін насихаттай беру қажет. Балалар үшін спорттық инфрақұрылымның барынша қолжетімді болуын қамтамасыз ету қажет. Бұқаралық спортты дамыту – пирамидаға айналуы тиіс. Оның басына чемпиондар шықса, оның негізінде біз сау әрі саналы ұрпақты, мықты ұлтты қалыптастырамыз. Бұл бағытты заңнамалық тұрғыда жалғастырып, бұқаралық спортты дамытуда кешенді бағдарлама қабылдау керек», – деді Мемлекет басшысы Қазақстан халқына Жолдауында.

Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) спортпен кәсіби түрде айналыспа да, тіпті «спорт» деген термин тумай тұрып жүгіру, садақ ату, күресу, суда жүзу секілді ойындарды жақсы меңгерген деседі. Ол заманда түрлі спорт түрлерінен жарысқан және маңайындағы сахабаларды да соған шақырған. Ал, дәл сол уақытта мына спорт түрлері кең тараған екен.

Сахабалар жүгіруден жарысатын. Бір жолы Алла елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) Айна анамыздың көңілін көтеру және басқаларға үлгі көрсету мақсатында жұбайымен жүгіріп жарысқан. Осылай жаяу жүгіріп жарысу дағдыға айналған.

Меккеге аты мәшһүр жауырыны жер иіскемеген атақты палуан Руқанә ибн Аблязид деген кісіні Пайғамбарымыз дінге шақырады. Палуан Пайғамбарымыздан діннің ақиқаттығын дәлелдеуін сұрайды. Сонда Алла елшісі оған: «Егер мен сені күресте жеңсем, менің айтқандарымның ақиқаттылығына сенесің бе?» – деп сұрайды. Өлгі палуан келіседі. Пайғамбарымыз бірнеше рет оның жауырынын жер иіскетеді...»

Расында, Алла елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Күшті мұсылман әлсіз мұсылманнан жақсы әрі Аллаға сүйкімді. Дегенмен, әрбірінде жақсылық бар. Саған пайда беретін нәрсеге ұмтыл, Алладан жәрдем тіле, әлсіз болма», – деп

өсиеттеген.

Демек, дене шынықтырумен шұғылдану үлкен-кішіге қажет. Атақты болу міндетті емес. Бірақ адам ағзасына зор әсері бары анық. Нағыз кәсіпқой жаттықтырушы, бүгінде «Достар» фитнес клубының бапкері, бодибилдингтен Қазақстан Республикасының чемпионы Виталий Пахомов бұл тұрғыда не дейді екен?

– Адамдар да, олардың денесі де әртүрлі болғандықтан, жаттығулар әркімнің денесіне әртүрлі әсер етеді. Біз еш ғылыми жаңалықты, жаңашыл ойды алға тартпастан, жаттығуды жаңа бастағандарға арналған бәрине ортақ, барлық әуесқой бодибилдер келісетін жайттарды бөліскіміз келеді. Бұл баптың барлығы тәжірибемен өткен, тексерілген. Оларды бұлжытпай ұстану кез келген бастаушы атлетке ешқандай сикырлы дәрілердің көмегінсіз-ақ елеулі нәтиже беретініне сенімдімін, – дейді бапкер Виталий Владимирович.

Сонымен, оның сөзіне сүйенсек, үй жағдайында, залда болсын дене бұлшық етін өсірудегі маңызды фактор – ұйқы. Адам ұйықтағанда оның денесінен өсуге үлес қосатын гормон бөлінеді. Сондай-ақ, ұйқы барлық бұлшық ет жүйесінің тыныштық табуы, жүйке жүйесі қызметінің баулауы – ағзаның белсене қызмет істеген кезіндегі жұмсалған күш-қуатты бұрынғы қалпына келтіруге мүмкіндік береді. Ұйқысы қанып тұрған адамның бойы сергіп, жұмысқа қабілеті артып, көңілді жүруінің себебі де осы

екен. Орта есеппен адам күніне 7-8 сағат ұйықтауы керек дейді ғалымдар. Мұны кәсіпқой бапкер Виталий де құптапты.

– Штанга, гантель, турник, брусья – осы құрылғылар адам денесінің тез өсуіне жедел әсер етеді. Егер мықты, сапалы бұлшық ет керек десеніз, еркін салмақтарды (штанга, кіртас және гантельдер) қолданып, кей негізгі жаттығуларға ден қойған абзал. Ең негізгі бұлшық ет өсіретін жаттығу штангамен отырып тұру (squat), штанганы тұра тарту (deadlift) және штанганы жатып сығымдау (bench-press). Осы үш жаттығуды 6-8 реттен 5 әрекет (подход) жасаудың өзі алғашқы үш айда бұлшық еттің жалпы көлемінің өсуіне әкеледі. Өйткені, осы үш жаттығу адам бойында ең көп бұлшық ет талшықтарын іске қосады, – деп атап өтті бапкер.

Алғашқы үш айлық қарапайым бағдарлама аяқталған соң ғана оған турник және брусьяны (әр қайсысынан 2 әрекеттен, бұлшық ет талғанша) қосуға болады. Бұл жаттығулардың әрбіреуінің өзіндік орындау функцияларын меңгеру де маңызды. Негізгі жаттығу техникасы дұрыс болса, соғұрлым бұлшық ет қатайды. Қазір ғаламторды ашсаң, қырлып жығылар түрлі жаттығу роликтері көп. Оның қайсыбіріне жүгінерімізді қайдан білеміз?! Бұл сұраққа бапкер жауабы мынадай болды.

– Желідегінің бәрі бірдей тиімді емес. Олардың көбі кәсіпқой спортшылар екендігіне дәлел жоқ. Түрлі дәрі-дәрмек

пен стероидтың (химия табиғаты жағынан изопреноидтарға жататын органикалық қосылыстар класы) арқасында бұлшық ет баптап, блогерлікпен ақша тапқысы келетіндер болар. Ал, ол бейнесіне көргендер сол блогердің

не көшеді. Ал, нағыз қарқынды жаттығушы бұлшық еті әбден қажып, ыстық су құйғандай қайнай бастаған соң тағы да бірнеше рет көтеріп, қолы икемге келмегенше тоқтамайды. Осы арада демалу маңызды, – дейді Виталий



денесін көріп, айтқанына айдамай жүреді. Нағыз маманның сабағында негізгі базалық жаттығу тізімі болуы керек. Және орындау техникасының маңыздылығын қосыңыз. Мысалы, отырып тұру мен тұра тартуда белді бүкірейтуге болмайды. Бұл жаттығуларды орындағанда еңсеңізді мейлінше тік ұстап, қаққан қазықтай жасау керек. Басқа қосымша жаттығуларды ретсіз шұбыртпай, тек жарты жыл жаттыққан соң ғана қосқан тиімді. Қазіргі уақытта көп клиенттер артық салмақтан арылуың амалын іздейді, немерсе салмақ жинауды көксейтіндер бар. Тұрақты шынығушылардың салмақ қосуда нәтиже шығармау себебі жаттығу қарқынының аздығы. Көбісі жаттығуды бұлшық еттерінде сәл ғана қажу пайда болғанда доғара қойып, келесісі-

Пахомов. Кәсіпқойлар тұрғысынан қажетті мөлшерден артық жаттығу бұлшық еттің қас жауы көрінеді. Жаттығу зальна жаңа барғандар көп жаттықса, денесінің жылдам шымырланатынына сенеді. Бұл – қате пайым. Бұлшық ет те, кез келген тірі дене секілді. Қалпына келу үшін демалысты қажет етеді.

Ескере жүрер бір дүние, бұлшық ет жаттығу кезінде емес, жаттығу болғаннан кейін өседі екен. Жаттығудан кейін дененің ауырынуы қалыпты нәрсе. Бұл бұлшық еттің қажетті деңгейде талғанын білдіреді. Бұлшық ет жаттығу барысында қанша талса, оның шырғаға түсуі де сонымен қарқындалады.

– Жиі тамақтану да бұлшық ет өсуін жеделдетеді. Жаттығу

дене шынықтырудың көзге көрінетін бөлігі ғана, ол тек бұлшық етіңіздің өсуіне түрткі болады. Дене өсу үшін қоректі заттарды қажетті мөлшерде жеу керек. Айтарлық нәтиже шығару үшін 5-7 рет күніне әр 2-3 сағат сайын тамақтанған жөн екен. Тамақ жақсы сіңуі үшін бірден тырсыя тоймай, оның да мөлшерін біртіндеп көбейткен абзал. Тамақ құрамының үш негізгі элементі ақуыз, май, көмірсу. Осы үшеуінің ішінде жаңадан келген атлетке ең қажеттісі – ақуыз. Жеткілікті мөлшерде ақуыз тұтынбасаңыз, бұлшық етті шымыр ету мүмкін емес. Демек, бұл ережеден танбай, салмағыңыздың әр келісіне күніне 1,5-2 грамнан ақуыз жеп тұру керек. Енді бастаған дене шынықтырушыға аса бір қатаң диета сақтау міндет емес. Тек күнделікті тамағыңызда дәмді дақылдар және ақ етті (құс пен балық еттерін) және сүт тағамдарын (қатық пен сүзбе), көкөніс мөлшерін көбейту қажет. Сосын суды көп ішкен дұрыс.

Бұлшық еттің 70 пайызы судан тұрады. Сондықтан, суды жиі ішу бұлшық еттеріңіздің көлемі мен күшін көбейтуге көмектеседі, – деп тағы біраз мәлімет берді Виталий Пахомов.

Расында, дене мен тән саулығы және сұлулығы жолында түрлі қағидаттар жетерлік. Алайда, түптеп келгендегі шимандысы тұрақтылық пен шыдамдылық екенін айтпаса да білеміз. Бұл екеуі – нәтижелі бодибилдингтің ең маңызды шарты. Табиғи жолмен тәуір табысқа жеткендердің кез келгенінен сұрасаңыз, «8-10 жыл аралығы» деп жауап береді.

Бодибилдинг – бұл нәтижесі баяу шығатын спорт түрі. Ал, мұнда шыдамдылықсыз алысқа қанат қаға алмаймыз. Қолайлы жаттығу зальның жоқтығы, қажетті снарядтардың түгел болмауы мұның бәрі жай ғана сылтаулар екенін біз де, сіз де білеміз. Алдына мақсат қойып шынығамын деп, тастыңиделген жан сылтау іздеп, кері кетпесе керек-ті.

Мұндайда ғалымдар адамның өз-өзін алға жетелеуге сәл де болсын, жеткен жетестікке қуану, ара-тұра жаттығуға арналған әдемі қолғап, жайлы кроссовка, ыңғайлы жеңіл киім алып, өзіңізді ынталандыру жақсы көмектесетінін дәлелдеген.

Құттықтаймыз!

Қарқаралының тумасы, Қарағанды қаласының тұрғыны **Құралай Әміреқызы ЖҰМАНОВАҒА**. Құрметті де қымбатты құрбы-досымыз Құралай 80 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймыз!

«Жайнап тұрған гүл едің, құрбылардың ішінде» дегендей, Құралай ортамыздың ұйытқысы да, берекесі де бола білді. Майдан екеуінің құтты шаңырағы ағайын-туысқа, дос-жарандарға жылы ұя, дастарханы жиналмаған ырысты, кең пейілді, ертелі-кеш есігі жабылмайтын, бас қосып жиналатын ордамыз болды.



Сол шаңырақтан небір думанды кеш, қыз ұзатып, келін түсірген қуанышты тойлар өтті десеңізші! Қашанда қолы ашық, жүзі жарқын, кісілігі мен көрген-түйгені мол, қонақты ырыс-құтым деп білетін Құралай ханым ыстық ықласпен қарсы алып, мерейімізді өсіретін.

Сонымен қатар қоғамдағы өз орнын да нық сайлаған іскер маман болды. Алматыдан есеп-кредит техникумын бітіріп келіп, Қарқаралы аудандық қаржы бөліміне қатардағы қызметкерден бас есепші дәрежесіне көтерілді. Отыз бес жыл сол жауапты саланың кіріс-шығысынан жаңылмай, ешбір сөз келтірмей, абыроймен атқарды. «Еңбек ардагері» атанып, облыстық, республикалық қаржы министрлігінің түрлі дәрежедегі марапаттарын иеленді. Бір ғана мекемеде қызмет етіп, зейнетке шықты. Зейнетке шықса да, қарап отырмай ардагерлердің «Қайран жастық» ансамблінің белді мүшесі болды. «Балуан Шолақтың» Гафиясының образын сәтті шығарып, өзбек әндерінің майын тамызып орындап, көрермендер ықыласына бөленді. Бұл күндері Қарағанды қаласындағы «Көзкөргендер» ансамблінің қатарында өнер көрсетіп келеді.

Ұлы Отан соғысынан қайтпай қалған майдангердің жалғыз тұяғы Майданбектей азаматтың шаңырағын ұстап, ұрпақ өрбіткен бақатты Ана.

Гүлнар, Нұрлан, Марғұландай үш баласынан немере, шөбере сүйген аулы Әже.

Қымбатты Құралай!

80 жас деп зорайтып айтқанмен, сен әлі әдемі, еңселі, күш-қуатың бойында, ақыл-парасатқа бай сергексің. Ұлағатты, ел үлгі тұтар өнегелі ғұмыр кештің. Өмір көшің тоқтамай 100-ге жетелесін. Жасай бер!

Тәрбиене ақылын сай, Абыройлы адамсын. Пейілің кең, мейірбанды Дос-жаранға адалсын.

Бірге жасап келеміз, Өрге тартсын кемеміз. Екі гасыр сәні болдық Қартайды бізді деменіз. Жасай бер асыл құрбымыз Жазылмасын жұбымыз.

Ізгі ниетпен: **дос-құрбылары**

ҚҰҚЫҚ

Жасөспірімдер қылмысы алаңдатады

Қоғамның әр кезінде де балалар ең құнды капитал болып танылады. Конституцияның 27-бабына сәйкес, неке мен отбасы, ана мен әке және бала мемлекеттің қорғауында болады. Сол себепті, бұндай құқықбұзушылықтардың алдын алу маңыздылығы жоғары.

Кәмелетке толмағандар арасында құқықбұзушылықтардың алдын алуы елімізде «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалауынсыз және панасыз калуының алдын алу туралы» Заңының күшіне енуімен жаңа кезеңнен басталды. Осы Заңның мақсаты – еліміздің заңнамаға және халықаралық құқықтың жалпыға бірдей табылған нормаларына сәйкес балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау, олардың қадағалауынсыз қалуы мен құқықбұзушылықтарының алдын алу үшін құқықтық негіз құру.

Осы саладағы заңдылықтың қадағалаудың ең негізгі жүзеге асырушысы болып прокуратура танылады.

Қазіргі кезде аудан аймағында кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстардың өсу фактілері орын алып, олардың алдын алу бойынша жүйелі шаралар жүзеге асырылып жатыр. Кәмелетке толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау және қалпына келтіру, кәмелетке толмағандардың қараусыздығына, панасыздығына, құқықбұзушылықтарына және қоғамға жат әрекеттеріне ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою үшін Әлихан Бөкейхан ауданында Кәмелетке толмағандар істері бойынша аудан әкімдігіндегі Комиссиямен 2022 жылға 91 материал, ағымдағы жылда 7 материал қаралды. Аудан прокуратурасымен профилактикалық шараларды тиісті түрде жүзеге асыру үшін мемлекеттік органдар қызметіне баға беріліп, қажет жағдайда прокурорлық қадағалау және ден қою актілері енгізіледі. Бұл құқықбұзушылықтың алдын алу саласында бірқатар қолайсыз сәттер бар, атап айтқанда, отбасы тарапынан алдын алудың қазіргі жағдайы алаңдатады. Про-

филактикалық жұмыс елдің әртүрлі субъектілерінде кейбір нәтижелері болғанына қарамастан, кәмелетке толмағандардың құқықбұзушылықтары азайтуға қатысты белгілі бір нәтижелерді көрсетуге әлі ерте. Өз кезегінде, прокуратура анықтаған лауазымды тұлғалар арасындағы заңдылықтың бұзылуы, алдын алу жүйесінің жалпы құрылымын нығайтуға ықпал етеді, қарастырылып отырған салада өздерінің кәсіби міндеттерін сапалы орындауды жауаптылығын арттырады.

Осыған байланысты бұл құқықбұзушылықтардың алдын алу тек құқыққорғау органдары шеңберінде ғана емес кешенді түрде барлық қоғамдық ұйымдармен бірлесіп жүзеге асырылуы қажет. Осы саладағы профилактикалық іс-шаралар қазіргі қоғамның ажырамас атрибуты болуы тиіс. Құқықбұзушылықтың алдын алу, сондай-ақ, әлеуметтік қатынастардың өзгеруін қамтамасыз ететін әлеуметтік практиканың ерекше түрі ретінде қарастырылады, соның нәтижесінде мінез-құлқтан ауытқуға ықпал ететін жағдайлар (себептер, факторлар) жойылады немесе бейтараптандырылады. Қазіргі кезде әлеуметтік желілерде кеңінен таралып жатқан түрлі құқыққа қайшы әрекеттерді де бейтараптандыру қажет.

Бұл мәселе үнемі аудан прокуратурасының назарында болып, кәмелетке толмағандар қылмыстылығының алдын алу бойынша қадағалау шаралары жүзеге асырылады.

Біздің қоғамның дамыған құқықтық болашағы тек жасөспірімді қылмыстық ортадан шығару бойынша алдын алу жүйесінің тиімді іс-шараларына байланысты деп санаймыз және заңға бағынатын мінез-құлық үлгісін енгізуді мақсат етеміз.

Азаматтарды да осы шараларды күшейту үшін ата-ана ретінде балалармен белсенді тәрбиелік жұмыстарды жүзеге асыруға шақырамыз.

А. ИСЕНОВА,
Қарағанды қаласы
Әлихан Бөкейхан ауданы
прокуратурасының бөлім
прокуроры

Еске алу

2023 жылдың 23 наурызында ардақты анамыз **Бәтима ӘБДІҒАЛЫМҚЫЗЫНЫҢ** 83 жас туған күнін тойлар едік, амал нешік, ортамыздан бақилық болғанына 6 ай болады. Анамызды сағынышпен еске аламыз. Жатқан жері жайлы, топырағы мамық болсын!



Анажан шаңыраққа болдың пана. Жамандық қылмаушы едің ешбір жанға, Амал не, жоқсыз бүгін ортамызда, Сағындық, АНА, сізді баршамыз да. Жан АНА, ұл-қыздың тірегі едің. Тірі болсаң, жарқылдап жүрер едің, Болмасаң да бүгін біздің жанымызда, Айтқан сөзің, ақылың жадымызда. Жұбанышпен жанымыз жабырқаулы. Сағынышпен туғандары еске алады, Өзіңізбен өткен күндер, Жадымызда мәңгіге сақталады.

Еске алушы балалары: **Мәлике, Жібек, Талғат-Саяғұл, Сагнат-Нұргүл, Ернар-Рымбике, Торғын-Жанат, Гаухар-Ерік, Рысқұл-Мартбек, Бағлан.**

Еске алу



Қарқаралы ауданы, Егіндібұлақ селосының тумасы, әкемізге адал жар, туғандарына асыл әпке, балаларына аулы АНА болған **Бәтима Оспанбекқызы СҮЛЕЙМЕНОВАНЫҢ** өмірден өткеніне 40 күн толды.

1938 жылы Қарағанды облысы, сол кездегі Егіндібұлақ ауданының Сартау селолық округіне қарасты Бастал елді мекенінде дүниеге келген анамыздың балалық шағы сұрапыл соғыс тұсында өткен. Бұғанасы қатпаған кезде басына түскен ауыртыпшылық ерте есейткен болу керек. Әкесі Оспанбек соғыстан оралмай, анасы мен сіңлісі үшеуі ағайын-туыстарды жағалап, сол қиын-қыстау кезді басынан өткізген. Соғыстан кейін екінші әкесі Жүнісқали Ақбузаулы мен анасының тәрбиесін көріп, есейіп жетілген. 1956 жылы Егіндібұлақ орта мектебін бітірген соң, еңбек жолын аудандық азаматтық хал актілерін тіркеу бюросында бастаған.

1957 жылы әкеміз Қайролла Арқоновпен қосылып, 64 жыл бірге өмір сүріп, жапырағы жайқалған ордалы шаңырақ құрды, ұлын ұяға, қызын қияға қондырған «Батыр-Ана» атанды. Зейнеткерлікке шыққанға дейін Егіндібұлақ селосындағы №1 балабақшада аспазшы болып 30 жылдан астам қызмет етті, жеткіншек ұрпақты тәрбиелеуге зор үлесін қосты.

Өзінің парасаттылығымен, ақжарқын мінезімен, адамгершілік қасиетімен ерекшеленетін. Марқұм әкемізбен бірге, қолына алып күтіп, кейін ақ жауып арулап 90 жастағы екі қарияны: енесі мен анасын мәңгілік сапарға жөнелткен де осы біздің анамыз еді. Өз өмірінің соңына дейін балалары мен немере-шөберелерінің тілеуін тілеп өтті. Анамыздың жарқын бейнесі мәңгі бақи есімізде, артынан тек дұға бағыштап отырамыз. Жаныңыз жәннатта, нұрыңыз пейіштің төрінде шалқысын.

Сағынышпен еске алушылар: **балалары, немере-шөберелері, жиендері.**

Р.С: Марқұм анамыздың 40 күндік асы Егіндібұлақ селосындағы «Балқантау» кафесінде 2023 жылғы 22 наурызда сағ. 13.00-де беріледі.

ТУРНИР

Батырға құрмет

Кенес Одағының Батыры Нұркен Әбдіровтің ерлік жасағанына – 80 жыл. Ал, волейболдан дәстүрлі турнирге – 40 жыл. Осынау атаулы күнге орай Нұркен ауылында волейболдан ауданаралық ашық турнир өтті.

дың спорт жанашырлары: Серік Мәуленов, Жобалай Байтұрмысов, Еркем Есенқұлов, Нұрлан Көккөзов және Мұсатай Бал-

мағанбетовті бір минут үнсіздікпен еске алды.

Дәл осы күні жерлесіміз Кенес Одағының Батыры Нұркен Әбдіровтің рухына Құран оқытылып, ас берілді.

Ал, дүбірлі жарысқа келер болсақ, қорытындысы бойынша I орынды – «Абай» командасы иеленіп, 100 мың теңге көлемінде ақша алды. II орын – «Қарағайлы» командасына бұйырып, команда мүшелеріне 70 мың теңге табысталды. III орын – «Токтар» командасына бұйырды. Олар 50 мың теңгені қанағат тұтты. Ал, IV орынды – «Нұркен» командасы алып, 25 мың теңге жеңіп алды.

Бұдан басқа 10 үздік ойыншы мен төрешілерге және ардагер ойыншыға ақшалай, заттай сыйлықтар тапсырылды.

Аян БЕЙСЕМБЕКОВ,
Нұркен ауылының әкімі

Қарқаралы ауданы



Сонымен қатар, ел басына күн туғанда етігімен су кешкен Нұркен батырдың есімі Астана қаласы Есіл ауданындағы бір көшеге берілді. Осынау игі іске арқау болған ауыл ардагерлерінің төрағасы Жәніс Көпжасаров еді.

Аталған турнирге 13 команда қатысты. Ашылу салтанатында аудан әкімінің орынбасары, спорт бөлімінің бастығы, аудандық спорт кешенінің басшысы, ауыл әкімі және ардагерлер алқасының төрағасы, ауыл имамы және Нұркен атамның туған-туыстары құттықтау сөз сөйледі.

Шара басталмас бұрын мемлекеттік әнұран шырқалып, жиналған бұқара марқұм болған ауылымыз-

Қарағанды облысы: ауа райы

	20 наурыз		21 наурыз	
Қарағанды қаласы	-6	-12	-2	-12
Абай ауданы	-6	-11	-2	-11
Ақтоғай ауданы	-4	-11	-3	-18
Бұқар жырау ауданы	-7	-15	-3	-14
Қарқаралы ауданы	-9	-14	-1	-16
Нұра ауданы	-4	-13	-1	-10
Осакаров ауданы	-7	-15	-2	-12
Шет ауданы	-5	-12	-1	-14

Ақпарат: <https://www.gismeteo.kz/> сайтынан алынды

Қарағанды Шинсервис ШИНАЛАР

Арнайы диллер «Алтайский шинный комбинат» ААҚ «Росава» ЖАҚ «Матадор» ЖАҚ

- жеңіл автокөліктері үшін
- жеңіл жүк көліктері үшін
- тракторлар және ауыл шаруашылығы техникалары үшін
- арнайы техникалар үшін

ЕВ АРДАН ШИНАЛАР САТПАЙМЫЗ, ЕВ АРДАҒАУ БАҒАҒА САТАМЫЗ

Қарағанды қ. қойма: Асфальттың көш., 22, дүкен: Бытовая көш., 14/1 тел. 8(7212) 97 20 27; 8 707 80 35 800

МЕРЕКЕ ШУАҒЫ

«Ана – бақыт, Ана – жыр»

Ана бір қолымен бесікті тербетсе, бір қолымен әлемді тербетеді. Ананың қадірі сонда, ол мейіріміне ақы сұрамайтын жалғыз жан, әрдайым бала дегенде елжіреп, баланың ғана тілеуін күні-түні тілеп отыратын асыл адам. 8 наурыз мерекесін Қарқаралы ауданы Сарыобалы ауылының білім ордасы №34 негізгі орта мектебінде 5-сынып оқушылары ата-аналарымен бірге ерекше атап өтті.

Ең әсерлісі – әкелер келіп, аналар мен қыздарын құттықтап, күтпеген жерден тосын сый жасады. Аналарға «Әйел бақыты» гүлі мен қыздарға тәтті гүл шоқтарын сыйлады. Барлығының жүзіне күлкі үйіріліп, ерекше сезімге бөленді. Тосын сый жасап, жары мен қызын қуантқан әкелерге айтар алғысымыз шексіз. Кеште он мен биден шашу шашылып, ата-аналар бүлдіршіндерінің өнерін тамашалады.


Айнұр АХМЕТЖАНОВА,
№34 негізгі орта мектеп тәлімгері

ТОО «Кредитное товарищество «Бейбарыс» объявляет о изменении юридического адреса ТОО «Кредитное товарищество «Бейбарыс» с улицы Т. Кошкинбаева, 11, кв.1 в селе Курлус, Бухар жырауского района, Карагандинской области на улицу Бейбитшилик, д. 40 кв. 2 в селе Акоре, Бухар жырауского района, Карагандинской области.

Жарамсыз деп есептелсін

«№17 жалпы білім беретін мектеп» КММ орналасқан №162 учаскелік сайлау комиссиясының мөрі жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

ФОТОЭТЮД



Суретті түсірген Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Кешегі күн – келешек

Жастарды төл тарихымызға құрметпен қарауға баулу мақсатында №4 кітапхана филиалы Қарағанды теміржол колледжінің студенттері және оқырмандармен тарихқа саяхат жасады.



Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бұл күні, әсіресе, өткен ғасырдың басында азаттықтың ақ таңын аңсап, осы жолда құрбан болған және патриоттықтың озық үлгісін паш еткен Алаш арыстарының есімін ұлықтау –

парыз. Өйткені, тәуелсіздіктің алғышарттары осы кезеңде анық көрінді және сол жолдағы күрес басталды. Желтоқсан оқиғасы да сол басы бұғауға сыймаған асқақ рухтың шырқау шегіне жеткен тұсы еді. Іс-шарада қайсар бабалардың өлмес рухын ұлт мақтанышы ретінде күні бүгінге дейін жеткізген бұл қасиетті тарих екені айтылды.

ҚОЛӨНЕР

Этностильден – заманауи үлгіге

Қарағанды облысы колөнершілер орталығының ұйымдастыруымен қалада жәрмеңке мен форумдар жиі өтуде. Енді орталық сән көрсетілімін өткізуді қолға алды. Сәрсенбі күні Достық үйінде «Әйелдің әлемі әдемі» атты сән көрсетілімі өтті. Онда орталықтағы тоғыз тігінші дизайнер көздің жауын алатын сәнді көйлектер мен шапандарды көрермен назарына ұсынды.

Облыстық колөнершілер орталығының басшысы Перизат Құлымбетова жергілікті колөнерді республикаға, әлемдік аренаға танытуды басты мақсат еткен. Оның құрамында 300-ге тарта тігінші бар. Олардың қолынан шыққан киімдер мен түрлі бұйымдар сауда үйлерінде өткен жәрмеңкелер мен Достық үйінде өткен форумда көрсетілді. Орталық үйде отырып, тігінді ермек еткен нәзік жандыларды жан-жақты қолдап, хоббиін табыс көзіне айналдыруға мүмкіндік береді. Орталық ашылғаннан кейін «Қол өнері – қазақтың төл өнері» атты форум өткізді. Оған қоғам қайраткерлері, колөнершілер, қала тұрғындары мен қонақтар қатысты. Форумда 25 колөнершінің жұмысы көрсетілді. Кейін сауда үйлерінде жәрмеңкелер өткізді. 20 колөнерші өз жұмыстарын көрсетті. Сөйтіп, тігіншілер өз киімдерін сән көрсетілімінде көрсетсек деген ұсыныс білдірді. Бұл көрсетілім бастамасы ғана, – дейді Перизат Қалиханқызы. Көрсетілген киімдер тігіншілердің инстаграм парақшаларында сатылады. Онда бұлдірші мен балалардан бастап үлкендерге де арнап тігілген қазақи нақыштағы киімдер



ТІЛ – ТҰҒЫР

Ана тілге қызмет

14 ақпан – Халықаралық кітап сыйлау күніне орай, Астана қаласы, Достық көшесі, 11-үйде орналасқан ҚР Ұлттық Академиялық кітапханасының директоры Ғазиза Құдайбергenniң бастамасымен «Ауылға кітап» атты акция өткен еді. Акцияның мақсаты – бұдан біраз жыл бұрын ашылған Түркістан облысындағы кітапханалар мен өзге аймақтарда салынатын жаңа кітапханаларға қор жинау және оны байыту.



Акцияға қатысушылардың қарасы өте көп болды. Астанадағы елшіліктердің өкілдері, қоғам қайраткерлері және жекелеген ақын-жазушылар өз қалауымен азды-көпті кітаптарын сыйға тартты. Мен өзім құрастырған жеті томдық кітаптың 40 данасын тапсырдым. Шара аясында Қарағанды қаласынан Астанаға осынша кітапты тақимен жеткізген еңбегімді тілге тиек еткен жазушы-ғалым Тұрсын Жұртбай: «Бір машинаға 40 кітап артып әкеп берген, кітаптың құнын білетіндер осындай жандар көп болса...» деген тілегін жеткізді. Жинақтың үйде қалған бір данасын алып мен де бардым. Бірнеше журналистің сұхбат алғаны, іс-шараға қатысушылардың телефон нөмірімді сұрап алғаны көңілдімді марқайтты. Үндістанның елшісі аудармашы арқылы бізбен әңгімелесті. Т. Жұртбай оған 20 жасында-ақ үнділік ақындарды аударғанын, қазір балалары сол жақта оқып жатқанын айтты. Ал, мен «Мәдени мұра» аясында жарық көрген 100 кітаптың ішінде Марал Хасен аударған үнді классиктері Кришан Чандар мен Разипурам Нарайнның шығармалары бар екенін айттым. Елші кеуемізге де есім хатын ұсынып, ізет көрсетті. Сол жолы Ұлттық кітапханаға менің аударуыммен, Балалар жылы аясында жарық көрген жергілікті жазушы – IT инженер Нұрайна Сәтбаевнаның «Серебряная тамга Альки» деген әңгімелер жинағын, Алматы қаласындағы «Тентек» баспасынан шыққан және Қарағанды облыстық Тілдерді оқыту орталығының бастамасымен аударылған Гарри Грейдің «Однажды в Америке» кітаптарын сыйлап қайттым. Бұл менің қазақ руханиятына, мәдениетіне, тілінің өркендеуіне қосқан үлесім деп санаймын. Жасым бірталайға келсе де әлі де әлемдік шығармаларды қазақ тіліне аударсам деген ойым бар. «Жақсыдан шарапат» дегендей 51 жыл отасқан жұбайым Марал Хасеннен алған сабағымды іске асыру менің өмірлік ұстанымым болып қалды. Алла қаласа, тәржімелеуді бастаған кітабым да биыл жарық көріп қалар.

Рымбала СМАИЛОВА,
аудармашы

КӘСІПҚОЙ БОКС

Джермаллды жеңе ме

Boxingnews24.com порталының шолушысы Шон Джонс Бүкіләлемдік бокс кеңесінің (WBC) Геннадий Головкинге (42-2-1, 37 KO) қатысты шешімінен кейін пікір білдірді.

Атап айтқанда, ол біздің жерлесіміз үшін қандай жекпе-жектің көл-көсір пайда әкелетіні жөніндегі ойын жария етті. «Головкин IBF және WBA тұжырымдары бойынша чемпиондық атақтан бас тартқан кейін, WBC оны рейтингте бірінші орынға шығарды. Бұл жағдай жанкүйерлерге Головкин мен WBC тұжырымы бойынша орта салмақтағы чемпион Джермалл Чарло арасындағы жекпе-жекті көру үмітін сыйлайды. Екі чемпион үшін аталған жекпе-жек қыруар гонорар табуға мүмкіндік береді», – деп жазады Джонс. Еске салсақ, қазір Головкинде тек қана IBO тұжырымының чемпиондық белдігі ғана қалды. Ал Джермалл Чарло болса, ол өзінің мансабында 32 жекпе-жек өткізіп, соның 22-сін нокаутпен жеңген және бір де бір рет жеңіліп көрмеген. Америкалық боксшы өзінің соңғы жекпе-жегі 2021 жылдың маусымында өткізіп, мексикалық Хуан Масиас Монтиэльді ұпай санымен жеңді. Сөйтіп, ол өзінің чемпиондық атағын төртінші мәрте сәтті қорғады.



ЖЕҢІЛ АТЛЕТИКА

Желаяқтың жүлдесі

Жеңіл атлетикадан ардагерлер арасындағы Қазақстан чемпионатында Саран қаласының спортшысы Григорий Кубагишев үш бірдей медальді жеңіп алды.

Жасы 52-ге келген ардагер спортшы республикалық және халықаралық жарыстардың бірнеше мәрте жүлдегері. Ол ұзақ жылдардан бері спорттың велосипед, жүзу, кір тасын көтеру сияқты түрлерімен де тұрақты айналысады. «Мен үшін жүгіру – бұл өз-өзіңді тәрбиелеу және өзіңмен үздіксіз жұмыс істеу», – дейді ардагер спортшы. Григорий Кубагишев 2020 жылдан бастап жеңіл атлетикадан снөбек сінірген спорт шебері Сембек Қалиевтің қарамағында жаттығады. «Ол маған жаттығу күндерін дұрыс құруды және дененің ерекшеліктерін ескеруді үйретті. Нәтижесі бірден жақсара бастады. Өткен жылы мен бірнеше жарыстарға қатыстым», – дейді Кубагишев. Атап айтқанда, ол Таразда өткен 10 шақырымдық жарыста жүлдегер, ал Шымкенттегі жартылай марафонда жеңімпаз атанды.

ТЕННИС

Біріншімен бақ сынайды

Еліміздің ең үздік теннисшісі, әлемдік рейтингте 10-орында тұрған Елена Рыбакина Индиан-Уэллс қаласында өткен WTA 1000 санатты турнирде жартылай финалға шықты.

Ширек финалда ол әлемнің 76-шы ракеткасы Каролина Муховадан 7:6 (7:4), 2:6, 6:4 есебімен басым түсті. Ойын өте шиеленісті жағдайда өтіп, 2 сағат 48 минутқа созылды. Енді, Елена Рыбакина бүгін өтетін жартылай финалда әлемнің бірінші ракеткасы Ига Швентекпен күрестінде күш сынасады.



Дайындаған Қ.ЖАНДЫР

ORTALYQ QAZAQSTAN
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Сауатқа Ағрағат» ЖШС

Директор – **Қ.Ж. ӘБІЛДА**
Директордың орынбасары –
«Индустриальная Караганда»
газетінің бас редакторы –
О.В. МЯГКИХ
Директордың орынбасары –
Г.Ш. ЖУМАДИЛДИНОВА

Бас редактор –
Е.К. МҮСАБЕК
Бас редактордың орынбасары –
Н.С. ДҮТБАЙ
Интернет-редакция редакторы –
І.Д. МҰҚАЙ
Жауапты хатшы –
Қ.Б. ҒАЛЫМ

Телефондар:
Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-57-76
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Призерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра, Оскараров: 8-777-073-71-13
Теміртау, Саран, Шақтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

- Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
- Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
- Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
- Материалдың жариялану ақысы төленген (®)

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылы 15 желтоқсанда № К218ВРУ00030163 куәлігі берілді.
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №93 үй.

Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru



Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,
БИК KСJБKZXX БИН 000840001412

Таралымы 5 602

№31 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор **Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ**